АҚША ҚАЙДА, ХАЛТУРЩИКТЕР СОНДА

3-бет

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫНА – 10 ЖЫЛ

6-бет

ҮЗІЛГЕН ЖІП

8-бет

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№63 (3594) 25 тамыз 2023

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЭС: КҮДІК ПЕН ҮМІТ

Жақында Алматы облысының Үлкен ауылында Атом электр станциясын салу жөнінде қоғамдық тыңдау болды. Елді мекеннің шағын ғана мектебінің мәжіліс залында өткен бұл талқылауға республиканың түкпір-түкпірінен сарапшылар мен қоғам қайраткерлері қатысты. Онда айтылған әңгіменің белгілі деңгейде салмағы бар екенін мойындауға тиіспіз. Әрине, пікірлер екіге жарылды. Бір тарап құптаса, екінші тарап қарсылық көрсетті. Қай-қайсысының болмасын өз шындығы бар.

(Соңы 3-бетте)

СҰХБАТ

Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері:

«МҰҒАЛІМ ЖҰМЫСЫН ПОРТФОЛИЯ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ - САПА ЖОЛЫНДАҒЫ САПАСЫЗ ШЕШІМ»

– Білім саласының түйткілі көп. Әсіресе, мұғалімдердің арман-арыздарын соңғы кезде жиі еститін болдық. Мәселен, ұстаздар біліктілікті анықтайтын тест талаптарын қайта қарау керек деген пікірде. Сонымен бірге, еңбек өтілі отыз жылдан асқан педагогтар тестен босатылса деген тілектерін айтады. Осы мәселеге байланысты ойыңыз қандай?

– Әлеуметтік желі ой-талқы алаңына айналғалы қашан. Кейде біраз жылдық тәжірибесі бар әріптестеріміздің «тестің керегі не?» «біздің мұнша жылдық тәжірибеміз біліміміз дәлел бола алмай ма?» деген сынды жазбаларын көріп қаламын. Әрине, тәжірибе тәжірибесімен. Дегенмен оқулықтар да, білім беру әдістемесі де заманға қарай өзгеріп келеді. Егер шынында білгені көп, білімі жетік, жаңаның игілігін игеріп жүрген маман болса, неге ол тесттен қорқады? Міне, мәселенің бір ұшы қайда жатыр? Бірақ негізгі мәселе тәжірибелі мамандарымыздың жастар секілді жаңа технологияға бірден үйренісе алмауында жатыр деп ойлаймын. Еш нәрсе қазық қаққандай бір орында тұрмасы анық. Тау екеш таудың өзі уақыт өте аз да болса орнынан бірлі-жарым жылжып жататыны белгілі. Жұрт тәуелсіздік алғалы ешкімнен кем болмайық, тереземіз тең болсын деп, ұрпаққа игілік жолында өзгенің тәлім-тәжірибесін ескере амал-әрекет жасауда. Мысалы «Болашақ» арқылы шетелдің оңтайлы технологиясын үйренсін, елімізге алып келсін деп қанша жас маманға жол ашып, жағдай жасалды. Иә, қия кетіп, қапа болған тұсымыз да жетерлік. Дейтұрғанмен, сіздің сауалға айтарым, аттестациялық тест – білім саласының болашағы үшін әсте керек дүние.

– Білім мен білікті анықтау үшін тест керек те шығар. Бірақ, ұстаздардың көбі өз мамандығы бойынша пәндік сауалдарға жауап бергеннен, педагогика бойынша таңдалған, аударма сауалдарға жауап табу қиын екенін алға тартады. Жалпы педагогиканы тестке қосудың не мәні бар деп ойлайсыз?

(Соңы 5-бетте)

КЕЛБЕТ

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Қай кезде де елдің ықыласына бөленіп, адамға, ел мен жерге ғұмыры мен қызметі кейінгі ұрпаққа үлгі болып жүрген мамандар қым-қуыт мынау тірлікте бағыт-бағдар берер адастырмас темірқазық жұлдызға, рухани бағалы байлыққа айналады.

Кешегі күннің аласапыран ақиқатында сыннан сүрінбей өткен генерал-лейтенант Шырақбек Қабылбаев есімі дәл сондай тұлғалардың қатарында айтылуы тиіс-ті, бірақ өкінішке қарай біз күткен дәрежеде көп айтылмай жүр. Осы орайда запастағы полиция генерал-майоры, заң ғылымдарының кандидаты Мирлан Қызылов пен белгілі қаламгер Дәулет Сейсенұлы бірігіп жазған «Министр Қабылбаев» кітабы рухани кеңістігіміздегі осы бір кемшін тұсты бүтіндейтіндей.

Шырақбек Қабылбаев – екі мәрте Ішкі істер министрі болған адам. Ол мұның сыртында кешегі кеңес заманында генерал-лейтенант шеніне қол жеткізген үш қазақ азаматының алғашқысы болды. Әлбетте, қарапайым ауыл баласының өмір жолы тақтайдай тегіс болды деп айта алмас едік. Соған қарамастан, оның өткен ғасырдың сан қилы кезеңдерінен сүрінбей өтіп, өз саласының биігіне қырандай қалықтап көтеріле білгені де, кеңес империясының сұрқия саясатының құрбаны болып, жазықсыз жазаланғаны да, ақыр соңында кемел ақыл-парасатының, сабырлы да салқынқанды мінезінің арқасында сондай қиямпұрыс қиянатты көтере біліп, жеңіске жеткені де рас.

Ол көзі тірісінде Ішкі істер министрлігін қаншама жыл басқарып, соның іргесін қалап, еліміздің білім ошақтарының деңгейі мен абыройын биіктету жолында бар күш-жігерін аямай еңбек сіңірген ерен тұлға. Кеңес кезінде Қарағандыдан ішкі істер жоғары мектебін, Алматыдан ішкі істер органдарының орталығын ашып, ол арқылы Орта Азия көлемінде Қазақстанның ішкі істер органдарының абыройын асқақтатып, аспандатты. Риясыз шындық солай еді. Осы жерде баса айтып көрсетер жайт, Қарағанды жоғары мектебінің негізін салушы деп алдымен министр Шырақбек Қабылбаев есімін атауымыз керек. Өткелектерге толы қарға адым ғұмырында одақ кезінде Мәскеу арқылы күрмеуі қалың бұл мәселені шешу оған әсте оңайға түспеді. Мәскеу шешім қабылдағаннан кейін билік Қарағанды қаласында жоғары заңгерлік білім беретін милиция кадрларын даярлайтын алғашқы оқу орталығын ашуын екінші дүние жүзілік соғыстың ардагері, құқық профессоры, әділет генерал-майоры Бәрімбек Сейсенұлы Бейсеновке жүктеген-тұғын. Осылайша 1960 жылы КСРО ІІМ Москва жоғары милиция мектебінің Алматыдағы күндізгі-сырттай оқыту факультетінің негізінде Сарыарқа жерінде КСРО ІІМ Қарағанды жоғары мектебі ашылған.

Ш.Қабылбаев ІІМ қызметкерлері үшін қызметтік объектілер мен пәтерлердің құрылысына айрықша күрделі қаржының жұмсалуына қол жеткізді. ІІМ-нің көптеген қызметкері тың игеруге белсене қатысқаны үшін үкіметтің әртүрлі наградаларымен, ал Министр – Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталады. Сол уақытта, ІІМ құрамына кірген түзету-еңбек жүйесінің жұмыс өтілдері де ерекше назарға алынды. Бұрынғы ғасырдың 70-ші жылдарының басында Қазақстанда 60-қа жуық түзету-еңбек колониялары болған, онда жүз мыңға жуық сотталған ұсталынды. Басты мақсаты сотталғандарды еңбекпен тәрбиелеу арқылы түзу жолға түсуіне бағыт беру болып табылды. Бұл міндет жемісті шешілген еді. Колониянын өзінде металды өңдеу бойынша кәсіпорын, кірпіш зауыты, тігін және жиһаздар фабрикалары, ауылшаруашылық және басқа да жұмыстар жасалды, ол сотталғандардың орта білім мен мамандық алуына мүмкіндік берді.

Шырақбек Қабылбаев төңірегінде айтылатын не бір қызықты, аңызға бергісіз әңгімелер бар. Соның бірі әйгілі күміс көмей әнші Жәнібек Кәрменов жайындағы әңгіме. Әншінің аяулы жары Тұрар Тұрсынханованың естелігінің бір үзігін қалың жұртшылықпен бөліскіміз келеді.

«Жәнібек менімен алғаш танысқан кезде Ішкі істер министрлігінің ән-би ансамблінде солист болып істеп жүрген. Ол жерге келгенінің өзі қызық. Жәнібек студияда оқып жүрген шағында Жүсекең бір жаққа гастрольге кетеді. Сол кезде Жәнібекті, атын айтпай-ақ қояйын, оқу орнының директоры оқудан шығарып жібереді. Содан Жәнібек қысқы сессиясын тапсырмастан ауылына кетіп қалады. Жәнібек өзі тез өкпелейтін және кешпейтін.

(Соңы 5-бетте)

ОҢ ҚАДАМ

ТӨРАҒА ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Қарағанды облыстық сотының төрағасы Ерден Әріпов жұмыс сапары аясында Балқаш және Приозерск қалалық соттарында болып, азаматтарды жеке қабылдады.

Қала тұрғындары облыстық сот төрағасына азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы, еңбек, отбасылық даулар мен мүлікке меншік құқығы туралы даулар бойынша сот актілеріне шағымдану тәртібі, атқару құжаттарының орындалуы туралы сұрақтар қойды.

Облыстық сот төрағасы азаматтардың өтініштерін тыңдап, заң талаптарын ескере отырып, жан-жақты жауаптар беріп, тараптардың медиация аясында татуласу мүмкіндігін және шығарылған сот актілеріне азаматтардың жоғары тұрған сот сатысына шағымдану құқықтарын түсіндірді.

Қарағанды облыстық сотының баспасөз қызметі

БЕЗБЕН

ТУРА БИДЕ ТУҒАН ЖОҚ, ТУҒАНДЫ БИДЕ ИМАН ЖОҚ

Сот жүйесіне, судьялар қауымдастығына қатысты тапсырмалар талқыланып, басым бағыттар екшеленіп, сот қызметін одан әрі жетілдіру, реформалау секілді өзекті мәселелер ортаға салынатын республика судьялары съезінің орны бөлек. Себебі, төрт жылда бір рет өткізілетін әрбір съездің тарихына үңілсек, алтын әріппен жазылған оқиғалар тізбесі мен жүзеге асқан реформалардың жемісті нәтижесін көреміз.

Мәселен, VII съезде қазылардың жаңа әдеп кодексін қабылдаудың алғышарты жасалды. Судьялық әдеп кодексі халықаралық талаптарға сүйене отырып, Бангалор принциптеріне негізделгенін атап өткен жөн. Сондай-ақ, Судьялық әдеп кодексінің жобасы судьялар қауымдастығының пікірі мен ұсыныстары ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Ата Заңы, «Сот жүйесі мен судьялар мәртебесі туралы» конституциялық заң негізінде әзірленді. Аталған кодекс «Елге бай құт емес, би құт», «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», – демекші Төле, Қазбек, Әйтеке билердің ізін жалғаған бүгінгінің қазыларын жат қылықтардан сақтандырып, сот төрелігіне деген сенімді күшейтті десек қателеспейміз. Осынау 15 баптан тұратын кодекстегі талаптарды барлық судьялармен қатар, отставкадағы судьялар да орындауға тиіс.

Сот төрелігіне деген талаптың қатаңдауы судьяға бірқатар шектеулер қою міндетін жүктейді. Ақ пен қара таразыға түскен сәтте әділдіктің соңғы нүктесін қоятын қазылар мәдениет пен әдепті ұштастырып, қоғамдық іс-шаралар мен өзге де көпшілік орындардан аулақ болуға тиіс.

Атап айтсақ, кодекстің алғашқы бабында судья берген антына берік болуға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда әдепсіз жүріс-тұрыстың көріністеріне жол бермей, судья лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауға тиістігі айшықталған. Сонымен қатар, судья заң үстемдігін және сот органдарының тәуелсіздігі қағидаттарын қорғай отырып, сот билігінің беделін түсіруге әкеп соғуы және судьяның абыройына нұқсан келтіруі мүмкін кез келген іс-әрекеттерден аулақ болуға тиіс. Сонымен қатар, әрбір судья заңды күшіне енбеген сот шешімдерінің заңдылығына қатысты жария мәлімдемелермен қатар, сот жүйесінің абыройын түсіріп, сот төрелігінің мүдделеріне залал келтіруі мүмкін түсіндірмелерден тартынуға тиіс.

Сондықтан, әркез судья қызметте немесе қызметтен тыс кезде болсын жылдар бойы қасықтап жинаған абыройы бір сәтте төгілмеуі үшін кодекстің әрбір бабының талабын қатаң сақтауы қажет. Қазылардың әрекеттері, қылықтары және жүрісі судья деген атаққа кір келтірмеуі және сот билігінің беделін түсірмеуі тиіс. Тағы бір айта кетерлігі, сот төрағасы (алқа төрағасы) ұйымдастырушылық-өкімдік өкілеттіктерді жүзеге асырған кезде судьялар тәуелсіздігін шектейтін іс-әрекеттерге жол беруге, оларға қысым көрсетуге, судьялардың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметіне ықпал ету мақсаты бар өзге де әкімшілік ықпал ету әдістерін қолдануға құқылы емес.

Қорыта айтсақ, судьялар қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып, туралықтың тірегі саналатын сот төрелігіне, әділдіктің жаршысы аталатын судья деген атқа кір келтірмей, Судьялық әдеп кодексінің талаптарын сақтап, оны мүлтіксіз орындауы қажет.

Айнұр ҚЫЗЫЛБАЕВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

ПІКІР

ЗАҢЫ ҮСТЕМ ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдар ішінде өзара татулықты сақтап, ынтымақ пен бірлікті алдыңғы орынға қойғанының арқасында орасан табыстарға қол жеткізіп, демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет орнатты. Әлеуметтік-экономикалық жағынан дами түсті. Халықтың тұрмыс-тіршілігін ұдайы құқықтық жағынан қамтамасыз етіп отыру үшін жыл сайын заңнамаларымыз жетілдіріліп жатыр.

Тек азаматтарымыз құқықтық сауатын арттырып, өз мүддесін қорғай алса болғаны. Заңда анық жазылғандай, сапалы заң қабылдау – Парламент құзырында. Атқарушы билік қабылданған заңдарды іс жүзіне асырады. Ал прокуратура сол заңдардың дұрыс орындалуын қадағалайды. Ата Заңның 83-бабы бойынша прокуратура сотта мемлекет мүддесін қорғайды. Конституцияда осылайша прокуратураның және тағы басқа да органдардың аражігі ашылып, нақты белгіленген. Яғни, халқымыз кез келген жағдайда өзінің құқықтық тұрғыдан қорғалғанын, заңсыздыққа жол жоқ екенін біліп жүргені абзал.

Тәуелсіздік алған 30 жылдан астам уақыт ішінде бұрынғы Кеңес Одағы кезіндегі қолданыста болған зандар базасы жаңартылып, Ата Заңымыз қабылданып, одан бастау алатын заңдарға толықтырулар енгізілді. Жалпы, сот саласы осы жылдар ішінде айтарлықтай өзгеріп, заманауи, әлемдік құқықтық жүйеге сәйкестендірілген құқықтық мемлекет құра алдық. Бір сөзбен айтқанда, халқы заңын сыйлайтын, сотына сенетін қоғам құру мақсатымыз орындалып келеді. Сондықтан біздің сот жүйесі тәуелсіз және халықаралық стандарттарға жауап бере алады деп айтуға негіз бар.

Қанат УТЕУБАЕВ,
Алматы қаласы Алмалы аудандық № 2 сотының судьясы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Шынарай ӘЛІМХАН,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департамент басшысы:

«КЕШЕНДІ ІРІКТЕУ МЫҚТЫЛАРДЫ ТАҢДАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ»

– Мемлекеттік қызметші – мемлекеттің айнасы. Ел тұтқасын ұстаған бұл қызметке қызығушылар аз емес. Ал, мемлекеттік қызметшілерді резервке іріктеу қалай жүргізіледі?

– Өзіңіз айтқандай мемлекеттің беделі, абыройы мемлекеттік қызметшілердің қызметіне тікелей байланысты. Сондықтан оларға артылар сенім, жүктелер жауапкершілік өте жоғары. Елге қызмет етіп, халықпен етене жұмыс істейтін болғандықтан мемлекетке қызметші болуға қызығатындар баршылық. Бірақ, қызметкерлерді іріктеуге үлкен мән беріледі. Әсіресе, соңғы жылдары мемлекеттік қызметтегі жастардың үлесін арттыру, ынталы, талантты жастарды көтеру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілді. Мәселен, 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Президенттік Жастар кадрлық резервіне үшінші іріктеу басталады. Құжаттарды қабылдау ағымдағы жылдың 30 қыркүйегіне дейін жалғасады.

– Іріктеуге кім қатыса алады?

– Іріктеуге біліктілік деңгейі В1 деңгейінен төмен емес, мемлекеттік тілді меңгерген және жалпы жұмыс өтілі 5 жылдан кем болмайтын, жоғары білімі бар, 35 жастан аспаған ҚР азаматтары қатыса алады.

– Бұрын іріктеу 2019, 2021 жылдары өткізілгені белгілі. Ал қазіргі іріктеудің ерекшелігі неде?

– Бұл іріктеудің бұрынғы іріктеуден ерекшелігі бар. Осы жолы мемлекеттік аппараттың салалық кадрларға қажеттілігін ескере отырып нысаналы іріктеу жүргізіліп отыр. Осыған орай: инфрақұрылымды, өнеркәсіпті дамыту және сауда саясаты; агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған ортаны қорғау; сыртқы саясат және инвестициялар; экономикалық және қаржылық саясат; цифрландыру; әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам бойынша іріктеу жүруде.

Резервке іріктеу кезінде үміткерлерді салалық бағыттардың өкілдері бағалайтын болады.

Бір ескеретін жағдай, бұл іріктеуге барлық азаматтар қатыса алмайды. Оған Президент тағайындаған адамдар, саяси қызметшілер, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері, Президенттік жастар кадры резервінде тұрған адамдар қатыса алмайды.

– Жалпы, осы кезеңде резервте тұрғандардың қызметке тағайындалғандары бар ма?

– 2019 жылы іріктеу қорытындысы бойынша резервке 300 адам, 2021 жылы 50 адам қабылданды. Резервке алынған 350 адамның 264-і әртүрлі мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарына жұмысқа орналастырылған. Мысалы, Алматы қаласында Алатау және Түрксіб аудандарының әкімдері ПЖКР резервшілері болып табылады. Сондай-ақ, Алматы қаласында мемлекеттік органдарға басшы лауазымдарға тағайындалған басқа да резервтегі мамандар бар.

– Іріктеудің мақсаты не? Ол қалай өтеді?

– Бұл – алты кезеңнен тұратын кешенді іріктеу. Бастапқы кезеңде құжаттарды онлайн режимде, арнайы сайтта қабылдау көзделген. pkrezerv.gov.kz сайтында 1 қыркүйектен 30 қыркүйекке дейін іріктеудің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін кандидаттардың деректері жеке нөмір беру арқылы иесіздендірілетініне назар аударған жөн.

Екінші кезең екі – бөлек блоктан тұратын мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалауды қарастырады. Тестілеудің барлық процесін дыбыс және бейне тіркеумен жүргізу жоспарлануда, осылайша өту шарттарының сақталуын бақылау қамтамасыз етіледі.

Үшінші кезең – ситуациялық тапсырмаларды шешуді көздейді және кандидаттардың өздері таңдаған салалық бағыттарына байланысты нақты ситуациялық тапсырмаларды шешу қабілетін бағалауға бағытталған. Ол дыбыс-бейнежазбамен сүйемелденетін эссе жазу форматында онлайн режимде жүргізілетін болады. Салалық сарапшылар бағалауды қызметтің тиісті бағыттары бойынша жүргізетін болады. Сарапшылар пулына академиялық орта, бизнес-қоғамдастық өкілдері, мемлекеттік қызметшілер кіретінін атап өткім келеді.

Төртінші кезең – ассесмент-орталығы мен құзыреттілік сұхбаттарынан тұратын құзыреттілікті бағалау. Бұл кезең мінез-құлық индикаторларының көмегімен кандидаттардың құзыреттерін анықтауға және бағалауға бағытталған.

Бесінші кезең – Сараптама комиссиясындағы кандидаттармен әңгімелесуге бағытталған. Мұндағы комиссия құрамына мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша Ұлттық комиссия отырысында қарауға ұсынылатын қатысушылардың тізімі жасалады.

Алтыншы, соңғы кезеңде – ұлттық комиссияның отырысы өтеді, оның нәтижелері бойынша резервке үздік 50 кандидат қабылданады.

– Іріктеуді қолға алғандағы негізгі мақсат – мемлекеттік қызметке мықты, білікті мамандарды тарту болса керек. Ал осыншама кезеңнен тұратын сыннан мүдірмей өткен үміткерлер қайда жұмысқа қабылдануы мүмкін?

– Олар заңда белгіленген тәртіппен саяси лауазымдарға, «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына, «Б» корпусының басшы лауазымдарына және «Б» корпусының «А» санатындағы лауазымдарға тағайындау үшін резервке алынуы мүмкін.

– Уақыт тауып сұхбат бергеніңізге рақмет!

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

БАҒДАР

ӘДЕПТІЛІК, АР-ҰЯТ – АДАМДЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Жалпы қоғамымызда «тәртіп сақта» деген сөз көп айтылатыны бәрімізге белгілі. Себебі, қоғамдық орындарда, автобустарда, жол қиылыстарында, дүкендер мен базарларда ашуға берілген азаматтар былапыт сөздермен бірін-бірі айыптап, әдепсіздік көрсетіп жатады.

Қарапайым азаматтар көңіл-күйдің жетегінде кетсе де, мемлекеттік қызмкеткер әдептен озбауы, шеңберден шықпауы шарт. Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінде сала қызметкерлерінің әдептілік қағидаттары бекітілген. Бұл заңға тек мемлекеттік қызметшілер ғана емес, қарапайым халық та құрметпен қарағаны жөн.

Этика дегеніміз – тәртіп сақтау ережелері. Ол қоғамда белгілі бір нормаларға сай өмір сүретін қағидалардың жалпы жиынтығы. Ал бұл нормалар адамдардың мораль және адамгершілік қасиеттерінің болуымен тығыз байланысты. Мораль және адамгершілік туралы ілім этика (әдеп) болып табылады. Сондықтан әр қоғамда адамдардың тәртібін адами тұрғыда бақылайтын, теріс қылықтарды азайтатын белгілі бір нормалар жиынтығы құрылған. Мысалы, үлкендерге құрмет көрсету, қоғамдық орындарда тәртіпті сақтау және т.б.

Этиканы сақтау өмірдің әр саласында әртүрлі. Этиканы сақтау қызмет бабында өте маңызды мәнге ие болып табылады. Соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің этикасы басты назарды аудартады. Мемлекеттік қызметкер әртүрлі қоғам өкілдерімен жұмыс істейтіндіктен, қызмет орнында өзін-өзі ұстап, сыртқы бейнесі мен киім үлгісінің тәртіпке сай болуын қадағалап, қимыл-әрекеттерін басқара білуі маңызды. Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің қызметте және күнделікті өмірде жүріс-тұрыстарының стандартын бекітеді. Соның негізінде енді мемлекеттік органдарда этика бойынша арнайы уәкілдер жұмыс істейді.

Әдеп кодексінің жаңа редакциясына сәйкес Әдеп жөніндегі уәкіл енгізілген. Әдеп жөніндегі уәкіл сондай-ақ, өзі жұмыс істейтін мемлекеттік органда мелекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда оларды қорғау және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдап, басқа да функцияларды жүзеге асырады.

Қалай айтқанда да «Әдеп кодексі халыққа немесе мемлекеттік қызметшіге не береді?» деген сұрақ туындайтыны рас. Бұл біріншіден Мемлекеттік қызметшілерге деген халықтың сенімін нығайтады. Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілердің адамгершілік-моральдық бейнесін арттырады. Оларға қойылатын талапты күшейтеді. Кодекс әдепсіз жағдайлардың алдын алуға септігін тигізеді. Сонымен қатар, Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілер арасындағы қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Кодекстің мемлекеттік маңызы бар екендігін мына бір қағидадан-ақ байқауға болады. Мемлекеттік қызметке тұрған кез келген шенеунікке ең алдымен үш күннің ішінде Этикалық кодекс таныстырылады. Олар «таныстым» деп қол қояды. Танысқан соң, әрине, олардың жауапкершілігі артады.

Гүлнәз СЕНБЕК,
Түркістан облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңсесінің жетекші маманы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЭС: КҮДІК ПЕН ҮМІТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Атом электр станциясының құрылысын қолдаушылар бұл жобаның тиімділігін барынша дәлелдеуге тырысты. Олардың айтуынша, Атом электр станциясы елді аса қажет электр энергиясымен қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Оның Балқаш көліне кері әсер ету ықтималдығы төмен. «Қазақстан атом электр стансалары» ЖШС-нің директоры Тимур Жантикин бұл орайда Балқаш көлінің су шаруашылығы комитетінен алған мәліметті келтірді. Оған сенсек, жыл сайын көл бетінен 18 миллиард м3 су буланады екен, ал стансаға жылына бар болғаны 63 миллион м3 бу жұмсалады. Бұл көлдің табиғи буының небәрі 0,3 пайызы, яғни мүлде аз. Қауіпсіздік мәселелеріне қатысты Т.Жантикин мамандар 3 немесе 3+ буынының ең тиімді технологияларына, яғни ең қауіпсіз реакторларына басымдық беріп отырғанын айтты. Сонымен қатар, АЭС адамның араласуынсыз жұмыс істейтін және қондырғы өшірілген кезде де оның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін пассивті қорғаныс жүйесін пайдаланатын болады. Жантикин осы орайда ядролық қалдықтарды кәдеге жарату технологиялары, сондай-ақ стансаны пайдаланудан шығару бірден АЭС құрылысының өзіндік құнына енгізілгенін айтты. Ал, жобаның экономикалық тиімділігіне қатысты сұраққа орай оның шығындарының ауқымды, бірақ қызмет ету мерзімі ұзақ болғандықтан, энергия өндіру құны кәдімгі электр станциясымен пара-пар болатынын ортаға салды.

Тыңдауға қатысқан белгілі қазақстандық эколог Мәлс Елеусізов Жантикиннің Балқаш өзеніне қатысты келтірген дерегін жоққа шығарды. Оның айтуынша, шын мәнінде біз қазір станцияны қай жерде салуды емес, Балқашты құтқару жайлы ойлауымыз керек. Өйткені, көп ұзамай, бұл көл тартыла бастайды. Қазақстандағы мұздақтардың бүгінде 44 пайызы еріп кетті. Көп ұзамай Балқашқа құйылатын су көздері жойылады. Шын мәнінде нағыз бас ауыртатын мәселе – осы. Ол осы орайда 2000-шы жылдардың басында парламентарийлердің Қазақстанда жаһандық ядролық қалдықтарды көміп, ақша табу туралы бастама көтергенін еске алды. Бірақ қоғамның белсенді араласуының арқасында бұл шешім парламенттен өтпеді. «Мен көп жылдар бойы Балқаш көлінің проблемаларымен айналысып келемін және бүгінде Балқаштың орташа тереңдігі небәрі алты метр екенін білемін. Жағдай қиын. Егер атом электр станциясы салынатын болса, ондағы тірі ағзаның бәрі өледі. Атом электр станциялары бүкіл адамзат үшін қашанда түйткілді мәселе болған, солай болып қала береді» – деп ескертті Мәлс Елеусізов. Экологтың айтуынша, атом электр станциясын салу тек Үлкен ауылының мәселесі емес. Бұл республикалық референдум деңгейінде талқыға түсуге тиіс жалпыхалықтық іс. «Жұмыстары жоқ жергілікті тұрғындарды түсінемін. Егер Қазақстан оларды ойласа, мұнда баяғыда кәдімгі зауыт салынып, адамдар жұмыс орнына ие болар еді» деп түйіндеді ол ойын.

Үлкен ауылының тұрғындары бұл жобаны қолдайтынын білдірген еді. Олар тіпті бұл тыңдауға ұрандарын жазып алып келіпті. Елеусізов мырза айтқандай, олар бұл шешімдерін Үлкен ауылының қазіргі жағдайымен байланыстырды. Тыңдау барысында сөз алған ауыл тұрғындарының айтуынша, ауылдың инфрақұрылымы нашар. Электр энергиясының тапшылығынан қоныс аударушылар көп. Жұмыс орны да аз. Егер атом электр станциясы салынса осы мәселелер өздігінен шешілер еді. Сондықтан үлкендіктер АЭС құрылысын қолдайды. Олардың кейбірі ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігіндегі сараптама кеңесінің мүшесі Светлана Могилюктің «Атом энергиясының денсаулыққа зияны туралы көптеген расталған зерттеулер бар. Атом электр станцияларының жанында балалардағы лейкоз ауруы айтарлықтай артып келеді. Атом электр станциясының қызметі радиоактивті шығарындылармен бірге жүреді» деген сөзін тіпті тыңдағысы да келмеді. Солардың бірі «40 жылдан бері ауылды өзгерістер күтіп тұрды. Үлкенде ұзақ уақыт жылусыз, жарықсыз өмір сүрдік. Осы құрылыстың басталуын күттік. Мен өзім инженер-энергетикпін. Бұл станса бізге өте қажет деп білемін. Сейсмикалық қауіпті аймақта орналасқан Жапонияда 15 атом электр станциясы бар. Өзбекстанда атом электр станцияларының құрылысы басталды. Біздің олардан қай жеріміз кем. Біз бейбіт атомды жақтаймыз!» деп кесіп айтты. Оның бұл сөзін «АҚШ-та атом электр станцияларындағы 98 энергоблок электр энергиясын өндіреді, ал Қазақстан әлі екі блокты салу туралы шешім қабылдай алмай отыр. Біздің еліміздің аумағына бес Францияны орналастыруға болады. Ал, осы елде 58 атом электр станциясы жұмыс істейді. Қытайда 49, Ресейде 38 энергоблок бар» деп Қазақстанның Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева жандандыра түсті. Нұрғазиева сонымен қатар атом электр стансасы құрылысының «Атом энергиясын пайдалану туралы» заңмен реттелетінін мәлімдеді. Оның айтуынша, аталмыш құжаттың 12-бабына сәйкес құрылыс салу туралы шешімді жергілікті өкілдік органдардың келісімімен ҚР Үкіметі қабылдайды. 2022 жылдың 22 қарашасында облыстық мәслихаттың сессиясы өтіп, депутаттар атом электр станциясын салуға келіскен. Атом электр стансасын орнатамыз ба, жоқ па, мұны жергілікті халық шешеді. Жергілікті тұрғындар оң шешім қабылдаса, суды, ауаны, топырақты зерттеу кезеңі басталады. Сондай-ақ, ол «мұндай тыңдауларды Қазақстанның басқа аймақтарында, атап айтқанда Талдықорған, Алматы, Балқаш қалаларында өткізу керек» деген пікір білдірді. Бұл қоғаммен ашық диалогты қамтамасыз етуге, барлық мүдделі тараптардың пікірлері мен мүдделерін ескеруге мүмкіндік береді. Тыңдау қорытындысы бойынша Алматы облысының мәслихаты шешім қабылдайды, қазір бұл құжат дайындалуда. Содан кейін бұл мәселені Үкімет қарайды.

Жалпы, тәуелсіз сарапшылардың айтуынша, көптеген Батыс елдері өздеріндегі АЭС-тың жұмысын тоқтатуға бел байлап отыр. Тіпті, қазіргі таңда Украинадағы жағдайға қарамастан, Германия секілді бірқатар мемлекеттер атом электр станцияларын жауып жатыр. Қазір тек дамушы елдер атом электр станцияларын салу үстінде. Энергетика саласындағы жобалар ұзақ мерзімді және оларды жүзеге асыру тек жүйелі жоспарлау арқылы жүзеге асады. Соның ішінде атом электр станциялары – базалық қуат пен адами капиталды қажет етеді. Бұл өте қымбатқа түседі. Бірақ оны пайдалану арзанырақ. Бұл орайда тұтынушы тарифін кім бекітеді, Қазақстан ба, әлде шетелдік компания ма, ол теңгемен бе, доллармен бе? Осының бәрі нақты шешілуі керек. Сонымен қатар, станцияның қосалқы бөлшектерін өзіміз өндірмейтініміз де үлкен мәселе. Америка Құрама Штаттарының Ресейге қарсы санкцияларының 11-ші пакеті General Electric-ке Ресеймен жұмыс істеуге тыйым салады. Енді бұл ел қосалқы бөлшектерді жеткізуге, қызмет көрсетуге, кеңес беруге және тіпті сатып алынғаннан кейін сызбаларды пайдалануға тыйым салады. Мұның бәрі белгілі деңгейде тығырыққа тірейтін жағдай. Бұл орайда шешім қабылдаудан бұрын жан-жақты сараптама жұмыстары қажет.

А. ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

Атом электр стансасын орнатамыз ба, жоқ па, мұны жергілікті халық шешеді. Жергілікті тұрғындар оң шешім қабылдаса, суды, ауаны, топырақты зерттеу кезеңі басталады. Сондай-ақ, ол «мұндай тыңдауларды Қазақстанның басқа аймақтарында, атап айтқанда Талдықорған, Алматы, Балқаш қалаларында өткізу керек» деген пікір білдірді. Оның айтуынша, бұл қоғаммен ашық, және ашық диалогты қамтамасыз етуге, барлық мүдделі тараптардың пікірлері мен мүдделерін ескеруге мүмкіндік береді. Тыңдау қорытындысы бойынша Алматы облысының мәслихаты шешім қабылдайды, қазір бұл құжат дайындалуда. Содан кейін бұл мәселені Үкімет қарайды.

МӘСЕЛЕ



«Тілдің байлығы сөздің санымен емес, сол тілдегі ақпарат мөлшерімен есептеледі». Не десек те, «Мазмұндама» қорының басшысы Шыңғыс Мұқанның бұл сөзі ойға қонымды. Әлем халқы етене аралас-құралас болуға мүмкіндік туып, адамзат атаулы игілікті ортақ пайдаланар сәтте одан шет қалып кету, тоқыраумен тең. Бүгінде мәселе болып жүрген қазақ тілінің мәртебесі және болашағы жазылып жатқан материал, кітап, ғылыми жұмыстар мен аудармаға тікелей байланысты. Мәселенің түп-тамыры таптаурын, аудитория кішілігі, көркем аудармаға сұраныстың аздығы, маман тапшылығымен себептелсе, салдары калька, сауатсыз қоғам және тілдің құруымен сипатталады.

АҚША ҚАЙДА, ХАЛТУРЩИКТЕР СОНДА

Әрине, шала мұсылманша Аллаға ғана тапсырдым деп отырғандар арасында, амал-әрекетіме берекетін берер дейтін жандар да баршылық. Баршылықтың арасындағы басшының да, қызметкердің де күйігі – қаржы.

«Орыс тілінен аударылған бір бет жазба 2000 теңге, ағылшын тілінен 3000 теңге төңірегінде бағаланады. Орташа маманның айлығы сонда 250-300 мың теңге. Әзірге бұл ең оптимистік құн. Көп бергің келеді, бірақ амал нешік. Кітап аударып басуға кеткен қаржы ұзақ уақытқа салынған инвестиция. Бір кітаптың күрделілігіне қарай шығарылымына 2 айдан, 2 жылға дейін уақыт кетсе, оның шығынды ақтап, пайдаға шығуы үшін одан екі есе, не одан да көп уақыт керек» – дейді Шыңғыс Мұқан.

«Жақында бір баспадан ұсыныс түсті, уәделеспек пұлы, ішіп жемге де жетпейді. Онысына қымсынып тұрған басшы жоқ. Бізде көбі жан қалауымен жұмыс жасайды дейді. Жан қалауы деп жүріп қашан дамымақпыз?!» – дейді аудармашы Динара Мәзен.

Иә, барлық қауым шетелдегідей тенденция болса дамыр ек дейді, бірақ ол тенденция орнауы екіталай екенін іштей біліп те отыр. Тенденция деп жырғытқаны мықты корректор, редактор, аудармашы, авторлар қарым-қабілетіне қарай, өз бағасын өзі ұсынса, ал баспалар маманға аш қасқырдай таласса, кітап тиражы кемі 200 мыңнан түспей жүрсе дегені де. Ал фактіге келсек, елімізде 5000 тираж – үлкен меже, қуаныш. Әрине елімізде арнайы мектеп оқулықтарын басар баспалар салыстырмалы түрде жақсы табысқа ие. Мемлекет тапсырысы жұмысшылар наны болып отыр. Оларға 5000-10 000 тираж деген түк те емес. Бірақ кітапқа, көркем аудармаға келгенде мемлекет іске араласты деген сөз, сапаға «сау бол, қарағым» дегенмен тең. Шыңғыс Мұқан айтпақшы, мемлекет аямай қаржы құюы мүмкін, дегенмен ақша бал сынды, ақша қайда «халтуршиктер сонда». Одан да ақырын адымдап болса да, негізгі акцентті сапаға негіздей дамығанымыз әлдеқайда дұрыс.

Калькаға толы кітап – тұзы көп тамақ секілді

Сапа деп саңқылдау астында мән бар. Интернет көмегімен аударып сөздің сөлін сорып жүргелі еліміз екі аунап тұрды. Калькаға толы кітапқа, тұзы көп тамақты ауызға салғандай екінші қайта жолай қоймайсың. Оның үстіне ілеспелі көркем аударудың ақсаңдап бара жатқаны жығылғанға жұдырық. Аз-маз кітап сүйер 20 жаннан фокус топ құрып, арнайы сауалмен азғантай тексеріп көріп едік – 28% аударма кітаптың сапасына көңілі толмайтынын, 33 пайызы жауап беруге қиналатынын, қалған 39 пайызы аударманың көңілінен шығатынын мойындады. Әрине жаман емес, дегенмен, жақсы да емес. Steppe & World баспа үйінің редакторы Назгүл Қожабек «кей аудармашы сөзбе сөз, мағынасын өзгертпей аударады. Бірақ оқылымы сүйкімсіз. Кей аудармашы бар сөзі тамаша, дегенмен тұпнұсқа желісі дөң басында қалып кеткен. Алтын ортасын тапқандар шамалы, сонысымен бағалы»,– дейді.

Маман тапшылығы сұраныс пен қаражатқа толық тәуелді. Үлкен тәжірибе мен білімге ие бола тұра, кешегі келген жас маманмен құның тең бағаланса, қорлық емей немене, – деп ойлау мына аумалы-төкпелі заманда күнә емес болар. Ғылыми еңбектердің аудармасының жоқтығы тілден безініп, басқаны паналауға мәжбүр етеді.

«Жауабы бар нәрсеге сұрақ қойсаң, тереңдей түсесің» – демекші, аударманың қажеті не деген сұраққа қайта жауап іздесең тағы да қызық детальдарға кезігесің. Мысалы, мемлекеттік тіл коммуникациядан бөлек, білім алудың да деңгейі орта мектеп бағдарламасынан аса қоймайды. Шымбайыңа батса да шындық осы, мамандық алу үшін ғылыми еңбектердің аудармасының жоқтығы тілден безініп, басқаны паналауға мәжбүр етеді.

Нидерландтар ағылшын тілін біздегі орыс тілі сияқты қолданады. Дегенмен, әр мағлұматты олар өз тілінде бірінші шығаруға, не жылдам, жаңа ақпаратты аударуға тырысады. Бұндай тыраштық тілдің ақпараттық баюына, болашағына оң әсер етеді. Сондықтан ол мемлекетте тек өз тілінде сөйлейтін халық тобы да қоғамда өзін еркін ұстап, өз тілінде ақпарат алуда шеттетілмейді. Елдегі жағдайды көз көріп жүр, өзге тілдерді білетін маманның тек қана қазақ тілін білер маманнан бәсі жоғары, біліктілігі бойынша екі айналым алдыда. Елімізде халықтың аз табыс тауып, айлығының шайлығына жетпей өмір сүру себебі де бір қырынан тілге қатысты.

Мәселе нейрожеліде емес, мәселе бізде

Осы тұста Динара Мәзен аударма ісінің 4 артықшылығын тізіп берді. Біріншісі, шет тілді білмесе де, шетел мәдениетімен танысам деушілерге мүмкіндік ашу. Екіншіден, білім аламын, дамимын деген жандарға ақпараттық қор жинақтау. Үшіншіден, баспагерлерге пайдаға кенелуге мүмкіндік ашу. Төртінші, жазушылардың әлем тәжірибесін көріп, үлгі алуына мүмкіндік жасау.

Тілдің ақпараттық жұтап бара жатқанының заттай дәлелі Чат GPT. Ағылшын тілінде нейрожелі PHD-доктарант деңгейінде сөз саралап, сауалға жауап қата алады. Ал қазақ тілінде ежіктеп оқыр балаша ақсаңдайды. Мәселе нейрожеліде емес, мәселе бізде. 1 миллиардтан аса халық қолданатын тіл базасы, 20 миллиондық халық базасынан үлкен болары сөзсіз. Сондықтан кім не десе де елдің, ұлттың мүддесі үшін жұмысты тоқтатпау қажет. Мамандарымыз кемі көркем аударма дамуына мемлекет тарапынан 7 мыңдай мектеп және кітап өнімін тұтынатын 10-15 мың мекемеге, сауалнама жүргізіп, оқығысы келетін шеттілді кітап базасын сандық деректе жинаса, оның өзі үлкен көмек болар еді дейді.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

СУДЬЯ МІНБЕРІ

Автокөліктер санының артуы мен жол-көлік ережелерінің сақталмауы, жүргізушілердің жол қатынасына, қасындағы жүргіншіге, қала берді өзінің өміріне деген жауапсыздығы жол-көлік оқиғаларының санын көбейтті. «Жол жүрісі қауіпсіздігі туралы» заң бойынша Қазақстан аумағында барлық жол қозғалысының бағыты, тәртібі мен санаттары реттелген.

ҚАРА ЖОЛДА ҚАТЕР КӨП

Жүргізуші куәлігін алуға ниеттенген кез келген адам онымен жақсы таныс. Қала, ауыл, аймақ, республика жолдарының бәрі белгілі бір талап негізінде жасалған, ережелер арнайы белгілермен қауіпті аумақтар, рұқсат етілмейтін маневрларды көрсетіп жол бойына орналастырылған. Тәртіп сақшылары да жол-қауіпсіздігін қатаң бақылауда ұстайды. Бірақ осындай реттілік, күшейген тәртіпке қарамастан жол-көлік оқиғалары жиі орын алып жатады. Соның салдарынан қаншама отбасы қара жамылып, жақынынан айырылатын немесе мүгедектікке шалдығып, тағы басқа да келеңсіздікке ұрынатыны ешкімге жасырын емес. Осының бәріне ең алдымен жүргізушілердің жауапсыздығы себеп. Олардың басым бөлігі рөлге мас күйінде немесе уақытылы ұйықтамаған күйі отырады. Одан бөлек жастықпен желігіп жылдамдықты арттыруы да түрлі апаттарға апарады. Тұтас сызықты кесу, рұқсат етілмеген жерден бұрылып кету, бағдаршамның ескерту белгісіне қарамау, қарсы бағытқа шығып кету, жарысып жылдамдықты асыру, жолдағы ерегіс жүргізушілердің өздерінің ғана емес, өзгелердің, еш кінәсіз азаматтардың бақытсыздығына түртті. Әрине, әр істің өз жауапкершілігі бар. Әркім өз кінәсіне қарай заң бойынша жазаланады. Бірақ олар адам өмірін қайтара ма?! Бақытсыздықтың орнын толтыра ма?!

Жүргізушілердің осындай сипаттағы құқық бұзушылықтары үшін құзырлы органдар тарапынан әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Мас күйінде темір тұлпар тізгіндегендер 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруды көздейтін әкімшілік жауапкершілікті арқалайды. ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 608-бабының 1-бөлігімен 15 тәулік мерзімге әкімшілік қамауға алынады. Оған дейін көлік құралын мас күйінде басқарғаны үшін әкімшілік жазаға тартылған жүргізуші болса Қылмыстық кодекстің 346-бабының 1-бөлігі бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Жүргізуші рөлге отырарда әркез сергек, жауапты, көңіл күйі дұрыс болуы тиіс. Одан бөлек, ең бірінші жол мен адам тағдыры алдындағы жауапкершілікті сезінуі тиіс. Жол ешқашан қателікті кешірмейді. Жолда жүру – адам өміріне деген жауапкершілік, тәртіп, заңды сыйлау.

Э.АСУБАЕВА,
Алакөл аудандық сотының төрағасы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

КӨЗҚАРАС

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - БІРЕУ

Тәуелсіз ел болғанымызға 30 жылдан асып барады. Бұл мезгіл – тілді дамытуға біреулер үшін көп, қайсы біреулер үшін әлі де болса жеткіліксіз. Сөйтіп тіл мәселесіне қатысты бұқара халықтың пікірі екіге бөлінуде. Дегенмен, тәуелсіздік алған кезден бастап осы уақытқа дейін күрделі мәселеге айналған сұрақтың бірі, әрі бірегейі болып күн тәртібінен түспей келеді.

Тіл мәселесін маған дейін көптеген тіл мамандары, ақын-жазушылар, жалпы тіл жанашырлары көтеріп жүр, көтере де береді. Мен үшін тілді қолдану өз деңгейінде еместігін қозғау ұят. Десек те, осы тақырыпта өз үнімді қосуды парыз деп білдім. Тіл саясаты кез келген мемлекеттің ұлттық тағдырын шешетін киелі құбылыс. Бұны қолшоқпарға айналдыру еліміз үшін өте қауіпті. Тәуелсіздігі мен тілі үшін жер бетінен жоғалып кеткен ұлттар мен ұлыстардың барын тарих беттерінен білеміз. Бір жапырақ жер үшін соғыс өртін тұтатуға дайын тұрған елдерді қолдауға, геосаяси жағдайды өз пайдасына ұтымды пайдаланғысы келетін алпауыт елдердің бар екенін мүлдем естен шығармауымыз керек. Тіл жағдайын заң тұрғысынан қараған жөн.

ҚР Конституциясының 7-бабының 1-тармағында, ҚР мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп нақты белгіленген. «Тіл туралы» заңның 4-бабында Қазақстанда мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп жазылған. Қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі деп көрсетілген.

Заңдарымыз жақсы жазылған, десек те, неге тіліміз әлі өз мәртебесін ала алмауда? Сот ісін ресми тілде жүргізу кімдерге тиімді, неге олардың өзі үнсіздік танытып отыр? Яғни, Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекет құра отырып, заң қабылдауда қазақ тілін мемлекеттік тіл деп бекітті. Бұл тарихи оқиғаға қазақ жерінде тұрып жатқан басқа ұлттардың дауы болмауы керек. Ата Заңымыздың 2-тармағында мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деп көрсетіп, басқа ұлт өкілдеріне даналықтың жоғарғы үлгісін танытып, Ата Заңымызға бекітіп берді. Заңның осы тармағын басқа ұлт өкілдеріне деген құрмет деп түсіну керек.

Сөйтіп, Қазақстан халқының мемлекеттік тілді үйрену мен дамытуы үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайтынын аса мәртебемен көрсетті, өйткені олардың ортақ тарихи тағдыры қазақ жерінде бірікті, ортақ отаны – Қазақстан.

Ендігі мәселе қабылданған заңды орындау сатысы. Осы жерде қазақ тілінің қолданылуы аясында кемшіліктердің барын ашық айтуымыз керек. Түсіндірудің озық жолы жетіспейді.

Талас-тартыс, сөзжарыс, өсек-аңғіме, дау-дамайдың бәрі осы сатыда өрбуде, өйткені, әр адам өзіне тиімді жолды таңдауда неше түрлі әрекеттерге баруда. Қозғап отырған 2-тармақта орыс тілі немесе басқа тілдер қазақ тілімен тең қолданылады делінген. Ал біз осы талапты ескермей қазақ тілін түгелдей орыс тілімен алмастырып, оның орнына қолданудамыз.

Елімізде мемлекеттік тілдің біреу ғана екенін, оның қазақ тілі екенін ескере отырып, оған басымдық беруіміз керек. Ол үшін жоғарыдағы заң нормаларын басшылыққа ала отырып, істерді мемлекеттік тілде жүргізіп, бірлі-жарым мемлекеттік тілді білмейтін іске қатысушылар үшін іс жүргізу тілін өзгертпей, аудармашыны қатыстыру қажет деп есептеймін. Сонда ғана іс қазақша жүріп, қазақ тілімен (аудармашы арқылы) орыс немесе басқа тілдер қатарласып қолданылады.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар Қазақстанда мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға, барша азаматтардың мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға міндетті.

Нәтижесінде халықтың сотқа деген сенімі, сот билігінің беделі мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру арқылы артады.

З. КАБДУЛИНА,
Ақтөбе қаласы мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің басшысы

ШУАҚ

КӨЗДІ АРБАП, КӨҢІЛДІ КӨТЕРЕР ГҮЛ ӘЛЕМІ

Сырт көрінісіне қарағанда биік дуалы және тікенек сыммен қоршалған қоныс колониясының, кімге де болса суық көрінері анық. Бірақ, қақпасынан кірген бетте басқаша көрініске тап боласыз.

Ол – сотталған Жирнов Олегтің қолымен жасалған гүлдер әлемі. ҚАЖ комитетіндегі республикалық мемлекеттік №13 мекемесінің шаруашылық бөлімінде әртүрлі жұмысшы болып жұмыс атқаратын О. Жирновтың еңбегі. Сотталған Жирнов мекеме ауласын абаттандыру жұмысын жүргізеді. Келгелі бері, суық ызғар кейпін танытып тұратын мекеме төңірегіне гүл егіп, көзді арбап, көңілді көтерер, көркем әлемге айналдыра білген жазасын өтеушінің бұл ісінің өзіне де, өзгеге де пайдасы зор. Олай дейтініміз, бас бостандығынан айырылған азаматтардың бұл еңбегі қылмыс жасаған кезде келтірілген шығындары мен зардаптарының орнын толтырумен қатар, жаны жабырқаулы жаза мерзімін өтеушілер үшін демалыс алаңына айналған. Сұлу табиғатты көзбен көріп, жаныңмен сезіп, сол қалпында сүйе білу қандай ләззат! Гүл өсірілген жерде сіз оңай тыныс аласыз. Олар өз бойларынан бізге оттегін шығарып қана қоймай, адам айналасындағы қоршаған ортаның биоаумағын тазартады.

Жадыраған жаз айларында ұзақты күн осы мекеме ауласындағы алаңды абаттандыру жұмысымен жүретін сотталған Олегпен сөйлесе кетсең, гүл туралы, оны қалай баптау керектігі туралы ерекше сүйіспеншілікпен айта кетеді. Жұмыстан тыс уақытта, кітапханадан гүлдер туралы, оны күтіп баптау жайлы оқып біліп жүретіні, әңгімесінен білініп тұрады.

Қай жерде жүрсең де, тек жақсылықтан үміттену керек. Мына еккен гүлдеріне қарап, жаны жай тауып, бостандыққа деген зор үміті оянатыны сезіліп тұрады.

Г. ТУЛБАСИЕВА,
№13 мекеменің тылмен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы

ПРОБАЦИЯ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮСІНДІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Сотталғандар арасында әлеуметтік-құқықтық түсіндірме жұмыстары жалғасуда.

Түркістан қаласы пробация есебінде тұрған азаматтар арасында кәсіпкерлікті дамыту жұмыстары жүргізілуде. Аталған жиынға Түркістан қалалық прокуратурасының бөлім прокуроры Д.Досалиев, «Бизнесті қолдау және туризм бөлімінің» басшысы Т.Қыдырбаев, қалалық «Халықты жұмыспен қамту орталығының» маманы М.Тәжібаев, қалалық пробация қызметінің бастығы А.Торланова және пробация есебінде тұрған сотталғандар қатысты. Шарада Қалалық пробация бастығы баяндама жасады.

Жиында пробация есебінде тұрған сотталғандар арасында жүзеге асып жатқан жобалар және әлеуметтік-құқықтық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бас қосу соңында сотталған тұлғалар сұрақтарын қойып, өздеріне қажет мағлұматтар алды.

Р.НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

КИЕ

ТАЛАП БОЛМАСА ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРІС ЖОҚ

Қылмыстық іс жүргізу қағидасы – бұл заңда көрсетілген қылмыстық іс жүргізудің елеулі жақтарын көрсететін, қылмыстық сот ісін жүргізуде азаматтардың құқықтарын, кепілдендіретін сот ісін жүргізу тілінің қағидатын қолдану құқығы. Сот процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету кепілдігі арқылы жүзеге асады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай, қамқорлық жасайды. Мемлекеттік тілдің қылмыстық, әкімшілік, азаматтық іс жүргізу кезінде қолданылуының аясын кеңейту және сапасын жақсарту басқа ұлттардың құқығын бұзбайды. Осы кодекстің тиісті баптарына сәйкес, қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктіге, айыпталушыға олардың құқықтарын түсіндіруге және олардың күдіктен, айыптаудан заңда тыйым салынбаған барлық құралдармен қорғану мүмкіндігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ, олардың жеке бас құқықтары мен мүліктік құқықтарын қорғауға, шаралар қолдануға міндетті. Айыпталушының, сотталушының өзін-өзі қорғау үшін ең қажетті жағдай, ол оның өзінің жетік білетін тілінде өз ойын, көрген, білгенін тергеушіге, сотқа түсіндіріп беру. ҚР ҚПК-нің 30-бабына сәйкес Қазақстанда қылмыстық сот ісін жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілмен қатар ресми орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады. Бұл заң талабы бойынша кез келген қылмыстық іс қазақ тілінде басталуы керек, ал істі орыс тілінде қозғап кейін қазақ тіліне ауыстыру ол заңға қайшы. Сонымен қатар, күдікті, айыпталушы, сотталушы орыс тілін түсінуі, аздап сөйлеуі мүмкін, бірақ жетік білмейді соған қарамастан іс орысша жүргізіледі ал, аталған баптың 3-тармағында көрсетілгендей, іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін іске қатысатын адамдарға ана тілінде сөйлеу, түсініктемелер, айғақтар беру құқығы беріледі. Соттармен тергеп-тексеру орган тарапынан қылмыстық істер бойынша сот өндірісінің тілі, қағидалары бұзылған жағдайда міндетті түрде жеке қаулы шығару арқылы шара қолданылуы тиіс. Іс жүргізу тілі жөніндегі заңдылық талаптары бұзылған жағдайда, судья ҚР ҚПК-нің заңдылықтарына сәйкес аталған заңсыздықтарды жою үшін істі прокурорға кері қайтарады. Сондықтан сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бақылаушы орган прокуратура тарапынан тіл мәселесі бақылауда болуы тиіс. Қылмыстық іс жүргізу тіліндегі заңдылықты сақтау қылмыстық процестің негізгі қағидатына жатады.

Қоғамда қазақ тіліне байланысты талап болмайынша бұл мәселеде түбегейлі өзгеріс күту күрделі. Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет, демек, әрбір қазақстандық мемлекеттік тілді құрметтей білуі тиіс. Ана тіліміздің жұлдызын тек тұрмыста емес, кәсібімізде де биіктетуіміз керек.

А.АХМЕТЖАНОВ,
Ақмола облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңсесінің сот приставы

СҰХБАТ

Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің Құрметті қызметкері:

«МҰҒАЛІМ ЖҰМЫСЫН ПОРТФОЛИЯ АРҚЫЛЫ БАҒАЛАУ - САПА ЖОЛЫНДАҒЫ САПАСЫЗ ШЕШІМ»

Бүгінде берілетін «алтын белгінің» құны көк тиын. Мектеп емтиханы ойыншыққа айналғалы қашан. Сол мақтаулы оқушылар өздеріне таққан төс белгіні ақтап жатқаны шамалы. Сондықтан мұғалім жұмысын портфолия арқылы бағалауды сапа жолындағы сапасыз шешім дер едім. Одан гөрі мектеп пен мұғалім білімі ҰБТ нәтижесіне қарап бағаланса, балалар бүгінгідей репетитор жағалап, ата-анасының қаржысын шашып жүрмес еді.

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Әріптестеріміздің бұлай шырылдауының себебі тесттің түсініксіз жасалуымен байланысты екені рас. Тест дайындалған оқу құралын, тест сұрақтарын алдын ала берсе, мұндай кері реакция болмас еді. Педагогтар оқысын, дайындалсын, бір жағынан сауатын ашсын. Керек ақпарды елдің құпия дерегіндей тығып ұстайтыны мен үшін де түсінкісіз. «Айналайындар-ау, бұл құпия қылатын дүние ме?» деймін кейде. Ұстаздың білімді болуы – маңызды, ал сол білімді бала бойына сіңіре білу – міндеті. Жалпы, педагогиканың тесте болу мақсаты да сол. Ал сауалға тіке жауап қатсам, педагогтың педагогтық қасиетін тест арқылы таразылау жоғарыдағы ұсыныс ескерілсе ғана белгілі бір мәнге ие болады.

– Портфолия жинауды міндеттеп, білім сапасын соған сүйене отырып бағалау дұрыс па? Бұл қаншалықты тиімді?

– Портфолия жинау соңғы уақытта өтірік мақтан мен көзбояушылыққа апара жатқанын көзіміз көріп жүр. Бірақ дейтін тұстарын жіпке тізіп берейін. Мысалы, педагогтарға жоғары санат үшін авторлық бағдарламасы бар немесе облыстық оқу-әдістемелік кеңесте немесе республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлдау алған, шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болу міндеттеледі. Мейлі, үлкен мегаполистерде тұрып, ғалымдар арасында жүріп, дидарласып, кеңесіп толыққанды дүниені құрастырып жазып шығуға болар. Ал жалпы Республикадағы аудан, ауылдық жердегі педагогтар кімді жағалайды? Сондықтан да осы талап артық деп ойлаймын. Қазір көп ата-ана баласына 1-сыныптан бастап репетитор іздейтін болған. Мейлі мектеп бағдарламасын игеріп, бала артық оқимын десе мұғалімге сын жоқ. Бірақ жағдай айтылғанға кері келіп тұр. Ата-ана балаға базалық білімнің өзін репетитор жағалап оқытып жүр. Бұндай жағдайда мұғалім дұрыс білім бермегені үшін ұялу керек. Біздің кезімізде репетитор жалдамақ түгіл, оның атын естімейтінбіз. Сол мектеп мұғалімінің тақта және бор арқылы берген білімімен біраз жерге жеттік. Өйткені, ұстаз бойында жауапкершілік сезімі болды, және сол үшін ұстаздарымыз аянып қалған емес-ті. Бүгінде берілетін «алтын белгінің» де құны көк тиын. Мектеп емтиханы ойыншыққа айналғалы қашан. Күн туғанда сол мақтаулы оқушылар өздеріне таққан төс белгіні ақтап жатқаны шамалы. Кейде жоғары оқу орындарындағы оқытушылармен тілдессем «соңғы уақытта келген балалар сауатсыз, көбінің білімі төмен» деп шағымданып жатады. Сондықтан мұғалім жұмысын портфолия арқылы бағамдауды сапа жолындағы сапасыз шешім дер едім. Одан гөрі мектеп пен мұғалім білімі ҰБТ нәтижесіне қарап бағаланса, балалар бүгінгідей репетитор жағалап, ата-анасының қаржысын шашып жүрмес еді.

– Әңгіменің төркіні сапаға келіп тіреледі. Расында, сауатсыз мамандардың көбеюіне ең алдымен мектептегі сапасыз білім себепші емес пе?

– ҰБТ тақырыбының тамырын тарта сөйлессең, біраз дүниенің ақиқаты жарыққа шығады. Ұлттық бірыңғай тестілеу мектеп пен мұғалім білімінің көрсеткіші болмаса, оны міндеттеуден пайда жоқ. ҰБТ көрсеткішіне мектеп жауапты болмаған соң, мұғалімдер бұрынғыдай білім сапасына көңіл бөлмейтін болды. Осы түзетуді енгізгеннен бастап саладағы мамандар еркінсіп кетті. Айтсаң жамансың, айтпасқа тағы болмайды. Әрине, «бір терінің пұшпағын илеп жүргендіктен», басы артық, еш пайдасы жоқ дүниенің көптігін мен де білемін. Әр балаға карта ашып, мінез-құлқын бағамдау, оқушымен, ата-анамен кері байланыс орнату, т.с.с. миды ашытар ұсақ-түйек жетерлік. Бірақ өз басымызды күйттейміз деп бала болашағына бейғам қарап кетпедік пе деген сауал туындайды.

Естеріңізде болса, 6 күндік оқуды 5 күнге қысқартқанда педагогтар дұрысын айтып, бағдарламаны ай соңына қосқан санаулы күнге сыйғызу қиын екенін, оқушының күндік жүктемесінің артып кететінін жарыса айтқан еді. Енді өтініш-тілекке құлақ асқан тұста 5 күн жақсы деп көпшілік қауым өзгеріп шыға келді. Сапа қайда қалды, бала жағдайы қайда қалды? Ашына айтуымның себебі де бар. Айлық-шайлыққа жетіп, игілігін көруге мүмкіндік ашылған тұста, көзді шел басқаны өкінерлік жағдай. Жедел реттелуі керек мәселенің бір тарамы осы. Онан кейін үлкен жүйеде тек бір жақты кінәлі етіп көрсету қате. Кінә жоғары жақтан да бар. Ауызбіршілік жоқ, жауаптылар «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарайық» демей келеді. Кесірі ақсақ жүйе, игерілмеген қаржы, сапасыз ұрпақ болмақ.

– Мектеп оқулықтарына қатысты да сын көп. Жылда өзгертілетін оқулықтардың қатесі де аз емес сияқты. Бұған не дейсіз?

– Кітап сапасы жылда айтылатын, таусылмайтын жыр-дастан. Өткен оқу жылындағы оқулықтар жайлы біраз сын бар. Зияткерлік мектептегі білім сапасын орта мектепте де қалыптастырамыз деп, жоғары математика есептерін арасына қосып қойған. Мысалы математикада орта мектеп бағдарламасының өзін бала санасына құюға біршама уақыт керек. Ал пәнді таңдамаған оқушыға енгізілген өзгертулердің керегі шамалы. Оның үстіне, зияткерлік мектептегі әр балаға жасалған жағдайды орта мектепте қалыптастыру әзірге мүмкін емес. Бір сыныпта кемі 20 бала, мұғалім бір 40 минутта қайсыбірін бақыламақ. Уақыты жаңа сабақ беріп, мысалдық есеп шығарудан асса жақсы.

Қазақ тілі мен әдебиетін біріктіру тіптен қате. Диктант, шығарма, мазмұндама орнын БЖБ (бөлімдік жиынтық бағалау), ТЖБ-ның (тоқсандық жиынтық бағалау) басуы, бала сауатының өсуіне кереғар фактор. Әсіресе, осы бағалаулардың бірнеше пәннен бір күнге сәйкес келуі балалардың дайындығына ғана емес, психологиясына да айтарлықтай ауыр тиетінін жасыруға болмайды. Тілге келгенде сақ болмаса болмас. Тілімізде біздің діліміз, тарихымыз, әдет-ғұрпымыз, салт-дәстүріміз, тәрбиеміз тұр. Әупірімдеп жатып орыс, ағылшын тілін жеткіншек жастан бастап оқытатын еттік, әйтпесе балауса балалардың тіл бұрмалауын көріп жүрек қан жылайтын.

Мұндай мәселелерді айта берсек күн жетер ме? Бірақ жанымды қынжылтатыны мәселенің дұрыс шешімін ұсынып жүрген білімді, білікті академиктеріміздің сөзін ешкім ескермейді. Өз елі өзін бағаламаған соң олардың шетелге көшуден басқа амалы жоқ. «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген қарғысқа бергісіз мәтелді қазақ кезінде осындай парықсыздардан мүлде түңіліп кеткен кезде айтқан-ау.

– Парықсыздар бағалы боп тұр ғой қазір.

– Менің ойларым мүмкін дұрыс, мүмкін бұрыс. Кейде сұхбат беруге құлықсыздық, ынсап танытамын. Себебі, түйгенімді бөліскенмен, оны тыңдап жатқан тыңдаушы қане? Тыңдалмаған сөз жетім демей ме! Жұмыстың нәтижесі дегенде бетіндегі қаймақтар, олимпиада жүлдегерлерінің жетістігін тілге тиек етеді. Ондай өрендеріміздің бары жақсы, дейтұрсақ та олардың жетістігі жалпы деңгейдің көрсеткіші емес. Біздің мұғалімдерді аймақ-аймақтан топтастырып шет мемлекеттерге тәжірибе алмасуға қыруар қаржы бөліп жібереді. Оның нәтижесі бар ма? Ол игілікті игеруге ел қабілеті жете ме? «Көріп келіңдер, бірдеңе түйіп келіңдер, іске асырыңдар» деген желеумен жіберіледі. Әрине, дұрыс тенденция. Бірақ, бірақтан көз ашпаймыз ғой. Сол игіліктің нәтижесі қайсы? Құқықтық жағынан өреміз өспей келеді. Заң шыққанымен, оның игілігін толыққанды көру үшін де білім керек. Біздің кезде ондайды ешкім үйретпеді, дегенмен әлі де кеш емес...

– Шынымен өзіңіз айтпақшы, білім саласында қордаланған мәселе бір күннің әңгімесі емес. Саланы жақсарту үшін енді не істеу керек?

– Мұғалімнің жұмысы оңай емес, десек те әр педагог өз жұмысына жауапкершілікпен қараса құба-құп. Абырой-беделден гөрі қазір жайлылық пен айлықты өсіру мәселесін көп сөз етеміз. Мұғалімнің беделі – білімінде, біліктілігінде. Айлықты көбейту – ұстаз беделін көтерудегі жанама фактор. «Жүрегі жылы адам бәрін бірдей жақсы көреді, ал тілі жылы адамды барлығы дерлік жақсы көреді» деген сөз мұғалімдерді сипаттап айтылғандай. Әл-Фараби бабамыз айтпақшы «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сапа мен тәрбиеге мән берсек, оның соңы игілікке жетелері сөзсіз.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»

КЕЛБЕТ

ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Осыны аяқтамасам, ештеңе болмас» деп ауылға тартып отырған ғой. Ауылға барғаннан кейін оны автоклуб меңгерушісі қылып қояды. Екі курс оқығаны бар және жап-жақсы әнші дегендей. Сол кездері Қажытай Ілиясов деген жазушы Жәнібек жайында радиоочерк дайындайды. Ол радиодан беріледі. Радиоочеркті елдің сол кездегі Ішкі істер министрі Шырақбек Қабылбаев тыңдайды. Бірден Жүсекеңе телефон соғады. «Жәнібек деген балаңыз қайда?» дейді. Жүсекең: «Мен келсем, кетіп қалыпты» дейді. Одан кейін Шырақбек марқұм бірден Семейге хабарласады. Милиция атаулыны аяғынан тік тұрғызады. «Кәрменов 24 сағатта кабинетімде болсын» деп әмір береді. Сөйтіп құрығы ұзын милиция қызметкерлері қаладан ауданға, ауданнан ауылға шығып ақыры Жәнібекті табады. Автоклубтан шығып келе жатқан жерінен қолына кісен салып, 24 сағат емес, 12 сағатта Алматыға жеткізеді. Түкке түсінбеген шешесі жылап қала береді. Жәнібектің өзі де түсінбей қалады. Не керек, аяғында пима, үстінде тон – министрдің кабинетінен бір-ақ шығады. Сөйтсе, ол кісі министрлікте ән-би ансамблін құрайын деп жатыр екен. Жәнібекті соған солист-әнші қылып алады. «Сені осы жұмысқа алайын деп іздедім» дейді. Студияны бітірген қағазына да қарамайды. Аз-маз әңгімеден кейін Жәнібекті тамақтандырып, киімін шешіндіріп, милиция формасын киіндіріп Сәтбаев пен Байтұрсынов көшелері қиылысынан бір бөлмелі пәтер береді. Бір күннің ішінде. Сағат 10-да ұшып келген, 11-де тамақ ішкен, сағат 1-де үйдің кілтін қолына алған. Қуанышы қойнына сыймаған Жәнібек қаладағы достарын іздейді. Ең алдымен Жабықбайды тауып алады. Ол «Қазақконцертке» жұмысқа тұрып алған екен. Содан кейін ауылға телефон соғып, шешесіне аман-саулығын, жұмысқа тұрғандығын, пәтер алғандығын айтады. Мұны естіген шешесі: «Жалғызымнан қалғанша, өлген артық» деп жүгін буынып-түйініп, малын сатып қалаға тартады. Аядай бөлмеде, анасы бар, тағы басқа туған-туыстарымен бірге он шақты адам тұрып жатады. Жәнібек Шырақбек ағамен күнде кездеспесе де, аптасына бір рет көріп тұрады. Бір күні хал сұрасқанда Жәнібек ауылдан анасының келгенін айтады. «Ол кісіге барып сәлем беру керек қой» дейді Шырақбек Қабылбаев. Сәлем беруге келсе, бір бөлмелі пәтерде он шақты адам есіктен төрге дейін қаз-қатар тізіліп жатыр дейді. Жәнібекке берген бір төсекте апасы жатыр дейді. Осыдан кейін біраз уақыттан соң Шырақбек Қабылбаевтың саяжайында кездесу болады. Ол кісі Жәнібекті де шақырады. Жәнібек келсе, Дінмұхаммед Қонаев пен Бәйкен Әшімов отырады. Жәнібек әуелетіп ән салады. Үлкен кісілер мұқият тыңдайды. Сонда Дінмұхаммед Қонаев Жәнібекке: «Келесі кездескенде маған бір жоғары оқу орнын бітірдім деп айтатын бол» дейді. Содан кейін «Мұның не жағдайы бар екен?» деп сұрайды Ш. Қабылбаевтан. Ол кісі: «Менде жұмыс істейді. Солист-әнші. Бір бөлмелі пәтер бердім. Апасы бар. Он шақты кісі тұрып жатыр» дейді. Димекең: «Сендер министр болып тұрғанда жөні түзу үй болмай ма?» дейді. «Генерал Калюта дегеннің баласына арнап қойған бір үй бар еді. Одан басқа үй жоқ» дейді министр. «Қойшының баласына күнде ешкім үй бере бермейді. Генерал баласына үй тауып береді. Мен рұқсат бердім» дейді сонда Димекең. Содан Жәнібек 1969 жылы 31 желтоқсан күні үш бөлмелі үйдің кілтін алады. Сөйтіп 20 жасында айды аспанға шығарып, бір жылда екі үйге ие болады. Әрине, мұның бәрі өнердің арқасы ғой...»

Дәл осындай жуанмәрттікті қазіргі генералдарымыздан көргіміз келетінін жасырғымыз жоқ.

Сөз соңында айтарымыз, қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы, оның ұлттық өмірінің символы, мемлекеттік қызметкер, ішкі істер органдарындағы ведомстволық білімнің негізін салған Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаев өзінің бүкіл өмірі мен ақыл-ойын, құдіретті талантын туған халқының, әсіресе, жастардың болашақ бақыты үшін сарқа жұмсап өтті. Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп, қоғамдық тәртіпсіздікпен алысқан Шырақбек Қабылбаев – құқық қорғау органы үшін теңдесі жоқ ұлы құбылыс.

Мемлекет және қоғам қайраткері, ішкі қызмет генерал-лейтенанты Шырақбек Қабылбаевтың елеулі еңбегі, қызметі мен оның ішкі істер органдары саласындағы мемлекеттік және кадрлық саясатын жетілдіруге қосқан еңбегі мен ел алдындағы үлесін ескере отырып, полиция генерал-майоры М.Қызыловтың бастамасымен 2014 жылғы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1287 қаулысымен ер есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында ІІМ Қостанай академиясына генералдың есімі берілді. Қиын қызметтің ауыртпалығын абыроймен арқалап өткен Алаштың аяулы азаматына, Отанының нағыз жанашырына, ағалық қамқорлығын аямаған ұлтжанды азаматқа үлкен құрмет ретінде ескерткіш орнатылды.

М.Қызылов пен Д.Сейсенұлының «Министр Қабылбаев» атты кітабы мықты азаматтың өмір жолын үлгі етумен бірге, ішкі істер органдарының жеке құрамын, Ішкі істер министрлігі жүйесіндегі оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын идеялық, адамгершілік және қаһармандық-патриоттық жолда тәрбиелеудің маңызды тетігі болары анық.

Елеужан СЕРІМОВ,
заң ғылымдарының кандидаты,
запастағы полиция полковнигі

АССАМБЛЕЯ

Батыс Қазақстан облысына қызметтік іссапармен келген ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы Ғалым ШОЙКИН БҚО Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдерімен кездесті.

АЗАМАТТЫҚ МҮДДЕЛЕР ЭТНИКАЛЫҚ МҮДДЕЛЕРДЕН ЖОҒАРЫ ТҰРУЫ ТИІС

Орал қаласындағы Достық үйінде өткен іс-шараға БҚО қоғамдық даму басқармасының, БҚО әкімдігі ҚДБ «Қоғамдық келісім» КММ қызметкерлері, БҚО Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері, Аналар және Ақсақалдар кеңесі, ҚХА кафедрасы, «Ассамблея жастары» РҚБ өкілдері, медиаторлар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Кездесу барысында өзекті бағыттардың негізгі мәселелері және Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін одан әрі жетілдіру жоспарлары талқыланды.

Ғалым ШОЙКИН ҚХА-ның республикадағы қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз етумен байланысты қоғамдық құрылымдарды шоғырландыру қажеттігін тілге тиек етті. Бұдан әрі Шойкин ұлтаралық келісім мен бейбітшілікті сақтау ісінде халықтар Ассамблеясына үлкен үміт артатынын, оның міндеттерінің бірі этнос өкілдері арасындағы жанжалды жағдайларды анықтауда, алдын алуда және шешуде мемлекеттік органдарға көмектесу екенін айтты.

«Ұлтаралық келісім мен бейбітшілікті сақтау үшін, – деді ол халықтар Ассамблеясының мүшелеріне арнаған сөзінде, – барлық этностарда, оқу орындарында, ауылдарда жастармен қарқынды жұмыс істеу керек. Ол үшін біз әрбір азаматқа тыныштық қадірін түсіндіріп, әр ауылға баруымыз керек. Бізде бейбітшілік пен тыныштық орнауы жолында кез келген кемсітушілікке жол бермеуіміз керек. Өзін қауіпсіз сезінетін адам ғана өз елінің патриоты бола алады. Этникалық құндылықтар бар, сонымен бірге жалпыазаматтық құндылықтар бар. Азаматтық мүдделерді этникалық мүдделерден жоғары қою керек», – деп қорытындылады сөзін төраға. Сондай-ақ, Этносаралық қатынастарды дамыту комитетінің төрағасы қала мектептерінің педагогтарымен және мемлекеттік қызметшілермен кездесіп, елді мекендер мен көшелерді қайта атау кезінде тарихи құндылықтардың маңыздылығы туралы сөз қозғады.

ШАҢЫРАҚ

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев атап өткендей, берекелі әрі бақытты отбасы – қуатты елдің тірегі. Елімізде отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды насихаттауға айрықша көңіл бөлінеді. Осындай мақсатқа бағытталған жобалардың бірі – «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы.

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫНА – 10 ЖЫЛ

БҚО Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңындағы кезекті жиын осы жобаның 10 жылдығына арналды. Облыстық қоғамдық даму басқармасындағы Азаматтық қоғамды дамыту бөлімінің басшысы Ранида Ашенова мен «Ақ отау» отбасы орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Алтынай Есқалиева атаулы мерейтой туралы ақпараттармен бөлісті.

– Бүгінде елімізде отбасы институтын нығайту, баланы қорғау және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша нормативтік-құқықтық және институционалдық база құрылды. Негізгі қағидаттар мен тәсілдер Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында көрсетілген. 2013 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің өкімімен адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін дәріптеуге, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы өткізіліп келеді. Елімізде игі дәстүрге айналған жыл сайынғы үлгілі отбасылар байқауы бүгінгі таңда отбасы құндылықтарының рөлін арттырып, қоғамда отбасы мен некенің оң имиджін дәріптейтін ауқымды да маңызды оқиғаға айналып отыр. 2014 жылдан бері республика бойынша бұл байқауға 20 мыңнан астам отбасы қатысты. Биыл конкурстың 10 жылдығына орай жеңімпаздарды марапаттау рәсімін қыркүйек айында Мемлекет басшысының қатысуымен өткізу жоспарланып отыр, – деді Ранида Рафхатқызы. Бұдан әрі осы атаулы мерейтой аясында облысымызда ұйымдастырылатын іс-шараларға тоқталды.

Атап айтқанда, жыл ішінде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының 10 жылдығы аясында «Алтын шаңырақ» (50 жыл бірге), «Күміс кереге» (40 жыл бірге) номинациялары бойынша өнегелі отбасыларға құрмет көрсетілмек. Он жылдық барысында отбасы және демографиялық саясат саласына үлес қосқан мамандар мен сарапшылар облыс, қала әкімдері атынан марапатталады. Ұлттық байқау жеңімпаздарын қоғамдық бақылау жұмыстарына, әлеуметтік маңызы бар жобаларға сарапшы ретінде тарту шаралары өткізілмек. Отбасының оң имиджін қалыптастыруда «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының маңыздылығын жария ете отырып, байқаудың 10 жылдығына орай аудандық, қалалық, облыстық деңгейде акциялар ұйымдастырылмақ.

Сонымен қатар басқарма өкілі ұлттық байқаудың 10 жылдығын насихаттау бойынша медиажоспар жасақталғанын жеткізді. Соның аясында отбасы мәселелері бойынша сарапшыларды, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаттарын, медиа тұлғаларды телебағдарламаларға талқылауға шақыру; онжылдыққа арнайы сюжеттер, бағдарламалар шығару; республикалық және өңірлік телеарналарда, баспа беттерінде байқауға қатысқан отбасылар, көпбалалы, жетістікке жеткен отбасы мүшелері туралы арнайы сюжеттер шығару; сондай-ақ табысты тұлғаларды, кәсіпкерлерді, қоғам қайраткерлерін, белгілі спортшыларды, музыканттарды тәрбиелеген отбасылар туралы арнайы мақалалар жариялау; қала, аудан көшелеріндегі афиша, билборд, жарнамалық плакаттар ілініп «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының 10 жылдағы барлық өңірлік жеңімпаздардың, қатысуымен жаппай челендждер өткізу жоспарланған.

Ал «Ақ отау» отбасы орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы А.Есқалиева отбасы құндылығы қай заманда да мемлекет саясатының темірқазығы екенін атап өтті.

– Берекелі отбасы – мықты мемлекеттің іргетасы. Отбасы беріктігін алдыңғы орынға қойып, жанұяның құндылығын насихаттайтын аталмыш сайысты Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен «Ақ отау» отбасы орталығы 2013 жылдан бері тұрақты түрде ұйымдастырып келеді. Биыл да ұлттық байқаудың 10 жылдығына арналған аудандық, қалалық облыстық кезең жеңімпаздарын марапаттау шарасы 16 тамыз күні өтті. Байқауға қатысуға ниет етушілер қатары жыл сайын артып келеді. Биылғы жылы облыс бойынша 200-ден аса отбасы өтініш білдірсе, соның 21-і облыстық кезеңге жолдама алды. Облыстық кезеңге жолданған отбасылардың дайындаған материалдарын арнайы комиссия қарап, жүлделі орындар мен сыйлықтар тағайындайды, – деді Алтынай Ғалымқызы байқаудың облыстық кезеңінің жүлде қорынан хабардар етті.

Осы жылы облыстық кезеңде бірінші орынды иеленген отбасыға арнайы диплом мен 1 000 000 теңгенің сертификаты, екінші орын иегерлеріне арнайы диплом мен 700 000 теңгенің сертификаты, үшінші орын иеленген отбасыға арнайы диплом мен 500 000 теңгенің сертификаты табысталып, қалған қатысушылардың барлығына сыйлықтар мен алғыс хаттар табысталған. Үздік шыққан бір отбасы алдағы қыркүйек айында Астанада өтетін республикалық кезеңге жолданған.

– «Мерейлі отбасы» – мазмұны мен тәрбиелік жағынан өзгеше іс-шара. Бұл ұлттық байқау ұрпақтар сабақтастығын жария етіп, елге қызмет етудің ең озық үлгілерін көрсетіп, өнеге алатын сайыс болуымен де қоғам алдындағы құндылығы арта түспек. Жыл сайын шарамызда жаңа отбасыларды анықтаймыз, әсіресе, жанұялық дәстүрді сақтап, бірнеше буын ұрпақ тәрбиелеген шаңырақтарды үлгі етуіміз керек, – деді А.Есқалиева.

ҰЛТ САУЛЫҒЫ

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА ЖЕМІСІН БЕРДІ

Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауына сәйкес «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы Батыс Қазақстан облысында табысты жүзеге асырылуда. Бұл туралы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ерлан Тоқсанов мәлімдеді.

– Аталмыш пилоттық ұлттық жобаны жүзеге асыру аясында есепті кезеңде денсаулық сақтау саласының негізгі көрсеткіштерінің оң нәтижесіне қол жеткіздік. Атап айтсақ, ағымдағы жылдың алты айында ауылдық жерлердегі жалпы өлім көрсеткіші 1000 тұрғынға шаққанда 7,6-дан 7,0-ге дейін 8%-ға төмендеді, облыстық көрсеткіш – 7,6. Нәресте өлімі 11,1-ден 11,0-ға дейін 1%-ға төмендеді, облыс бойынша көрсеткіш – 8,4. Ана өлімі тіркелген жоқ. Қан айналым жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім 100 мың тұрғынға шаққанда 164,4-тен 151,2-ге дейін 7,9%-ға төмендеді, облыс бойынша көрсеткіш – 181,6. Қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім 79,9-дан 77,14-ке дейін 3,4%-ға төмендеді, облыс бойынша көрсеткіш – 80,0. Тыныс алу ағзалары ауруларынан болған өлім-жітім (100 мың тұрғынға шаққанда) 102,0-ден 94,6-ға дейін 7,2%-ға төмендеді, облыс бойынша көрсеткіш – 95,1. Жарақаттанулардан болатын өлім-жітім 61,2-ден 60,8-ге дейін 0,5%-ға төмендеді, облыс бойынша көрсеткіш – 63,2. Туберкулезден өлім жағдайы тіркелмеді, – дейді Ерлан Виленұлы.

БҚО денсаулық сақтау басқармасының басшысының мәліметінше, облыс бойынша 416 ауылдық елді мекенде 313 846 адам қоныстанған екен. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде Батыс Қазақстан облысы бойынша елді мекендерде 2025 жылға дейін 50 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысандарын салу жоспарланған.

Облыстық құрылыс басқармасы биылғы жылға жоспарланған 24 медициналық нысанның 14 объектісі бойынша жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеген. Аталған нысандар бойынша сараптаманың оң қорытындысы алынып, ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне бюджеттік өтінім жолданған. 12 медициналық нысанда құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуге 3,6 млрд теңге бөлініп, ағымдағы кезеңде олардың барлығында межеленген жұмыстар басталып кеткен.

Сонымен қатар, «Turar-Healthcare» коммерциялық емес акционерлік қоғамы үш эталондық жоба әзірлеп, бүгінгі таңда сараптаманың оң қорытындысы алынған. Қалған жеті медициналық нысан үшін жобалық-сметалық құжаттарды байланыстыруға облыстық бюджеттен 36 902,0 мың теңге бөлінген.

Ағымдағы жылы аталған пилоттық ұлттық жоба шеңберінде екі ауданаралық ауруханаының жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу жоспарланған. Шілде айында Қазталов аудандық ауруханасы мен Бөрлі аудандық ауруханасы бойынша жобалық-сметалық құжаттарын дайындайтын ұйым анықталған. 2023–2025 жылдары Бөрлі (154 төсектік орынға есептелген) және Қазталов (100 орынға есептелген) аудандық ауруханасы жанынан инсульт орталығын, тері арқылы араласу орталығын, травматология бөлімін ашу жоспарланып отыр. Айта кетсек, 1988 жылы салынған Бөрлі аудандық ауруханасына күрделі жөндеу жұмыстары 2015 жылы жүргізілген. Аурухана 115 төсектік орынға есептелген. 73 дәрігер, 254 орта медицина қызметкері жұмыс жасайды. Жыл сайын 3500 науқас стационарлық ем алатын болса, өткен жылы 1559 адамға қызмет көрсетілген. Аудандық ауруханада хирургиялық, травматологиялық, лапароскопиялық операциялар жасалады, КТ, УДЗ аппараттарында, сараптамалық сыныптағы аппараттарда диагностикалық тексерулер жүргізіледі.

Бөрлі аудандық ауруханасында 10 төсектік II деңгейдегі инсульт бөлімшесі ашылған болатын, ауданаралық ауруханаға айналдыру үшін қосымша 29 төсектік орынға ұлғайту қажет. Мамандардың қажеттігі жөнінде құзырлы министрлікке өтінім жолданады. Қажетті мамандарды тарту үшін облыстық мәслихатқа 5 млн теңгеге дейін тұрғын үй және әлеуметтік пакет бөлуді қарастыру жөнінде ұсыныс жолданады.

Аудандық ауруханаға КТ аппараты 2020 жылы сатып алынғанымен, қосымша 2 млрд теңге сомасына медициналық жабдықтың 23 түрін сатып алу талап етіледі. Бөрлі ауданаралық ауруханасын ашу үшін аурухананың негізгі үй-жайына қосымша-клиникалық-диагностикалық бөлімшеге арналған екі қабатты ғимарат қажет. 1999 жылы салынған Қазталов аудандық ауруханасы екі қабатты, типтік ғимарат, барлық инфрақұрылымдары бар, 2020 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Мұнда 30 дәрігер, 123 орта медицина қызметкері қызмет атқарады. 2023–2025 жылдарға Қазталов ауданаралық ауруханасын жаңғырту үшін Қазталов ауданының және оған іргелес Жәнібек, Бөкей ордасы аудандарының тұрғындарына қызмет көрсету үшін қосымша 50 орынға ұлғайту қажет. Сондай-ақ, 33 дәрігер, 58 орта буын қызметкер керек. Облыстық мәслихат деңгейінде мамандарды тартуға тұрғын үй және 5 млн теңгеге дейін әлеуметтік пакет бөлу қарастырылған. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ, осы зерттеулерді жүргізу қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту туралы» бұйрығы негізінде 2022 жылғы 1 қарашадан бастап ауыл тұрғындарына қосымша скринингтік тексерулер жүргізілді. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында 27240 ауыл тұрғыны қаралып, ауру белгілері бар 433 адам анықталған. Ауыл тұрғындарына шұғыл медициналық көмек көрсету үшін облыстық көпбейінді аурухана салынған. Пилоттық жоба аясында телемедицина жұмыс жасайды, қазіргі таңда 1778 консультация өткізілді, оның 74-і республикалық орталықтармен және 1704-і аудандық медициналық ұйымдар үшін. Облыстың тоғыз ауданы телемедицинаға қосылған. Алдағы уақытта облыстың қалған аудандарын қосу жоспарлануда.

Бетті дайындаған Айгүл АХМЕТОВА, «Заң газеті»

БІЛГЕН ЖӨН

СОТ САРАПТАМАСЫНЫҢ САРА ЖОЛЫ

Сот сараптамасы – сараптамалық қызметтің қажеттіліктеріне сүйене отырып, оны құрылымдық реттеудің қағидаларын көрсетеді. Яғни, сот сараптамасы – объективті ақиқатты орнату қажеттілігімен өмірге келген. Бұл сонымен қатар, ол құқықтық ғылыми теорияның барлық белгілеріне ие деген тұжырымға келуге мүмкіндік береді.

Негізінен алғанда, сот сараптамасының жалпы тарихи теориясы да осы құқықтық ғылымдар – криминалистика мен қылмыстық процестің шеңберінде пайда болғанын атап өтуіміз керек.

Сот сараптамасының әдістері – сот сараптама теориясы мен тәжірибесінде кездесетін міндеттерді дұрыс шешу үшін керек. Яғни, әрбір іске шешімдер шығарар кезде, ол заңдылық аясында болуымен қатар, ғылыми дәлелділігі, сенімділігі, қауіпсіздігі, тиімділігі, үнемділігі, этикалық талаптарға сәйкес болуы назарға алынады. Ал істі дұрыс және мәні бойынша шешу үшін сот өндірісіндегі мән-жайларды анықтаудың маңызы зор. Сот сараптамасының міндеттерін дұрыс шешу үшін сараптамалық зерттеу объектісіне және оның сапасына айрықша назар аударылады. Бұл жердегі сараптамалық зерттеу объектісі дегеніміз – міндеттерді дұрыс шешуге қажетті материалдар екенін өзінің атаулық мағынасы айқындап тұр.

ҚР Қылмыстық іс жүргіу кодексінің 248-бабына сәйкес, сараптаманың объектілеріне: заттай дәлелдер, құжаттар, адамның денесі мен психикалық ахуалы, сондай-ақ, қылмыстық іс жүргізу материалдарындағы сараптама нысанасына жататын мәліметтер сараптама объектілері болып табылады.

Заңда көрсетілген сараптамалық объектілердің көпшілігіне қарамастан, сот сараптамалық объектілері үш топқа бөлінеді. Олар: негізгі объектілер, салыстырмалы материалдар және анықтамалық мазмұндағы материалдар. Мұндағы негізгі объектілерге – заттық дәлелдемелер, салыстырмалы материалдарға – сараптамалық зерттеу үшін жіберілетін үлгілер, анықтамалық материалдарға – нұсқаулар, топтамалар жатады. Жалпы алғанда, сараптама міндетінің өзі – тергеу-сот практикасының қажеттігіне және сот сараптамаларының жетістіктері мен әдістемелеріне сәйкес сот сараптама тақырыбы мазмұнын қорытындылап, оны тарқатып береді және нақты деректерді анықтаудың мүмкіндіктеріне жол ашады. Мұны біз күнделкті тәжірибемізде көріп жүрміз.

Сот сараптама қызметі туралы ҚР 2017 жылғы 10 ақпандағы №44-VI заңының 1-бабы, 8-тармағында: «Сот сараптамасы – шешілуі үшін маңызы бар нақты деректерді анықтау мақсатында арнайы ғылыми білім негізінде жүргізілетін қылмыстық, азаматтық істің, не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің материалдарын зерттеу» деп нақты пайымдап берген. Яғни, сот сараптама қорытындысының дәлелдемелері арқылы, жасалған қылмыс тура және дәл мағынасында ашылып, соттардың әділ шешім шығаруына зор мүмкіндіктер береді.

М.МЫСТАЕВ,
Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «QAINAR TRADE» ЖШС (БСН 170940014878) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау обл., Жаңаөзен қ., Астана шағынауданы, Сағидолла Нұржанов көшесі, 5Б үй.

3. «DIAMOND-2021» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 210540038880) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Тілеген Шопашев көшесі, 33 үй.

6. «KazDoner» ЖШС, БСН 210640029459 (Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтпаев көшесі, 103/1 ғимарат, индекс 055552), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Рысқұлов даңғылы, 140/4 үй, 209 кеңсе. Тел.: 87759228128.

8. «Юридическая компания «Гурьев и Ко» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 040640012478 (Қазақстан Республикасы,Алматы қ.,Алмалы ауданы,Наурызбай батыр к.,76 үй, индексі 050000), өзінің ерікті түрде таратылуы туралы хабарлайды. Наразылықтар осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандык ауданы, Жароков көшесі, 366, индексі 050060, телефон нөмірі: 87013057406.

9. «Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. БСН 110740002251, заңды мекенжайы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылдық округі, Ақтоғай ауылы, Әлихан Бөкейхан көшесі, құрылыс 7, тел. 87103721043.

11. «Көптоғай-Агро» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 230140024760, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Ақтөбе обл., Ойыл ауд., Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі, 24 үй. Тел. 87771576596.

12. «Beauty Connect Agency» ЖШС, БСН 161040012334 (Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Желтоқсан көшесі, 118 үй, 331 кеңсе), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 15 үй, 24 пәтер. Тел.: 87772885595.

13. «МАРЛЕН Экспорт» ЖШС, БСН 181140034164, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Чайковский көшесі, 32 үй, 28 пәтер, индекс 050000. Тел.: 87010880035

14. «БҚО әкімі апаратының шаруашылық басқармасы» ЖШС, БСН 010740002558, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар бір ай мерзімнің ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 179 үй.

18. «Baykidze» ЖШС, БСН 210240004032, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 510 үй, 12 пәтер, тел.: +77079396790.

19. «ASSALEM LTD» ЖШС, БСН 070840008511, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау қаласы, Баймұханов көшесі, 48 үй, 14 пәтер, тел. 87071905022.

ӘРТҮРЛІ

15. Байқау кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды іріктеу жөніндегі конкурс

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Ұлттық спорттық медицина және оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – кәсіпорын) байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурс жариялайды.

Конкурстың өтетін орны: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 үй, «Министрліктер Үйі» ғимараты, №15 кіреберіс.

Кәсіпорынның орналасқан жері: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 44 үй.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ, мынадай талаптардың біріне сәйкестігі:

1. денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономиканың/қаржының және (немесе) бизнестің және (немесе) құқықтың бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2. денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономиканың/қаржының және (немесе) бизнестің және (немесе) құқықтың бейіні бойынша және (немесе) басшы лауазымында кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

3. денсаулық сақтау және (немесе) саласында экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік.

Байқау кеңесінің мүшесі ретінде мына адам сайланбайды:

1) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) Байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық қатынастарындағы адамдар.

Конкурсқа қатысу туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесі:

* Конкурсқа қатысу туралы еркін нысанда жазылған өтініш;

*Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

* Еркін түрде жазылған өмірбаян;

* Кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

* Жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;

*Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

* Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы мен сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнына басшылықтың ұсынымдары) ұсына алады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін конкурсқа қатысу туралы өтініштерді ұсыну мерзімі бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң аяқталады.

Конкурстың өтетін орны мына мекенжайда орналасқан: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 үй, «Министрліктер Үйі» ғимараты, №15 кіреберіс, 6 қабат, №625 кабинет, телефон: 8(7172)74-13-60, 74-12-59.

5. Абай облысы ветеринария басқармасының «Абай-Вет» ШЖҚ КМК (БСН 110140017901) Абай облысының әкімдігінің 2023 жылғы 24 шілдедегі №133 «Абай облысының ветеринария саласындағы кейбір заңды тұлғалардың қайта ұйымдастырылуы және атауын өзгерту туралы» Қаулысына сәйкес, Абай облысы ветеринария басқармасының «Семей-Вет» ШЖҚ КМК-і (БСН 110140007121) қосылу арқылы қызметі тоқтайтыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Абай облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Айгерим көшесі 67, мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 8 72252 9 18 80

10. «Компания «ЮТА 8» ЖШС, БСН 080740018290, өзінің «EL GRANO» ЖШС-не, БСН 130540012017, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Жаңажол көшесі, 9. Тел.: 87773337171.

16. «Байғанин аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 131040012217, «Байғанин аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 060140007873, «Байғанин аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі қосылу арқылы өзінің қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы, Д.Қонаев көшесі, 36 үй. Тел.: 871322186.

17. «Рудный жылу желілері» ЖШС Қостанай облысы, Рудный қаласы, 40 лет Октябрь көшесі, 2/2 құрылыс, БСН 221040021614, кредиторларға жарғылық капиталдың 19 959 193,21 теңге сомасына азайғаны туралы хабарлайды (он тоғыз миллион тоғыз жүз елу тоғыз мың бір жүз елу тоғыз теңге жиырма бір тиын). ҚР «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 27-бабының тәртібімен серіктестіктің кредиторлары хабарлама алған немесе хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзімде серіктестіктен қосымша кепілдіктерді не серіктестіктің тиісті міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе орындауын және залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. Талаптар серіктестікке жазбаша нысанда мына мекенжай бойынша жіберіледі: Қостанай облысы, Рудный қаласы, Октябрьдің 40 жылдығы көшесі, 2/2 құрылыс, ал олардың көшірмелері серіктестікті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған органға ұсынылуы мүмкін. Анықтама телефоны (71431) 2-47-64 заңгер, 2-47-05 қабылдау бөлмесі.

МҰРАГЕРЛІК

4. 13.02.2023 ж. қайтыс болған Сейтжан Бағдагүл Сейтжанқызының артынан мүлкіне мұра ашылды. Мұрагерлерінің нотариус С.И. Байғазиновке келуі сұралады. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, «Ақмешіт» ықшамауданы, 26/2. Тел.: 87084408317.

7. 29.06.2023 ж. қайтыс болған азамат Батылмолда Әділхан Батылмолдаұлының артынан мүлкіне мұра ашылды. Мұрагерлердің және барлық мүдделі тұлғалардың мұралық құқығын жүзеге асыру үшін нотариус С.А. Жұмадуллаеваға келуін сұрайды. Мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Малай батыр көшесі, нөмірсіз ғимарат.

ЖОҒАЛТУ

20. «Байтақ» Қазақстан жасылдар партиясы Алматы қалалық филиалының 2023 жылдың 2 шілдесіне дейін жасалған мөрі қайтарылмауына және/немесе жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

ҮЗІЛГЕН ЖІП

(Соңы. Басы №62 санда)

Ал, мәйіт жатқан тұсқа ешкім бармаған, бәрі айналып өтіп жатыр... Бұндай тоғандар біздің ауылымызда да көп, әкем екеуіміз аңшылыққа шығып, осындай қопаларға қақпан құрып, аңның ізіне түсетінбіз... Мынаны қараңыз, мына жерден екі жол түсіпті, бірі бұрыннан бар, себебі, қамыстар төселіп, сәл тапталған, ал, мына жерде қамысты сындырып біреу әдейі жол салған секілді, және мұнымен біреу бірақ рет жүрген...».

Әзиз жас әріптесінің аңғарымпаздығына тәнті болды. Шынымен-ақ көне жол тұрғанда жаңа жол салу кімге керек?! Бәлкім қылмыскер із қалдырмас үшін осылай қашты ма екен? Болаттың бастауымен бұлар сол жаңа жолмен жүрді. Табылған жолмен жүріп келіп, сайдан көтерілгенде капитан қала шетіндегі өздеріне мәлім дүкен мен жанармай құю бекетінің тура қарсы бетіндегі асфальт жолға тап болды. Иә, бұл үлкен күре жол еді, қалааралық автобустар осы маңға тоқтайтын, сондықтан бұл жерді таксистер тұраққа айналдырған болатын. Дүкенмен ара қашықтық үш шақырымдай болар деп шамалады тергеуші. Анадайда тұрған екі-үш такси көрінеді, шамасы автобустарды күтіп тұр. Екеуі таксистерден қылмыс жайлы естігендерін сұрай бастады. Әзиз бұл әрекетіне де толық сене алмай тұр, өйткені – бұл жерге таксистер көп аялдамайды, тек автобустар өтетін шамада ғана келіп кетеді. Сол ой қамшы болды да, Әзиз таксистермен шаруаны Болатқа тапсырып, өзі басқармаға қайтты.

Телефондағы құпия сыр

Кіре берісте оны жауапты кезекші тоқтатып: «Сіздің тапсырмаңыз бойынша ұялы телефон табылды, бір әйел ұстап жүр екен, оны қазір сізге алып келе жатыр...» деді.

– Келсе маған жіберерсің.

Он бес минуттан соң жедел уәкіл ұзынша, әдеміше, қара торы, отызға жете қоймаған әйелді кабинетке кіргізді. Жауап алу басталып кетті.

– Аты-жөніңіз... Қайда тұрасыз?

– Айғаным Шәрментаева, тұратын жерім – Қазанғап көшесіндегі жетінші үй.

– Ұялы телефонды қайдан алдыңыз?

– Сатып алдым өз ақшама.

– Кім сатты және қашан сатып алдыңыз?

– Ұялы телефонды Зәкір деген жігіттен сатып алдым.

– Ол жігітті танисыз ба, адресін білесіз бе?

– Жоқ, таныс емеспін... Бұрын бір рет көргенмін, қайда тұратынын білмеймін. Өзімнің де телефоным бар еді, бірақ, мынау арзандау екен, екінші телефон артықтық етпейді ғой... Және маркасы да жақсы.

Әзиз ұялы телефонды ашып тексере бастады. Бірақ, ілік боларлық ештеңе таппады. Сосын Айғанымнан өзінің ұялы телефонын беруді сұрады. Тергеуші осы сәт әйел өңінің сәл құбылғанын байқап қалды. Оның телефонында Зәкір есімді адаммен хат алысу бар екен. Онда Зәкірдің Айғанымға өз сезімін білдіріп, кездесуге шақырғаны белгілі болды. Оны көрген тергеуші дереу криминалисті шақыртты. Осы кезде әйелдің түрі бұзылып, сасқалақтап қалғанын байқаған тергеуші одан сайын күдіктене бастады. Ұялы телефонды криминалист қатысуымен қарау барысында әйелдің Зәкір есімді адаммен бір жарым айдан бері сөйлесіп келе жатқаны анықталып, жігіттің сезім шынайылығының куәсі ретінде ұялы телефон сыйлайтынын айтқаны белгілі болды.

Енді күдік Айғанымға ауды. Оның шындықты жасырып отырғаны анық. Әзиз Айғанымды көрші кабинеттегі жігіттерге тапсырды: «Оған қатысты тіл қатушы болмаңдар. Ойлансын». Олар да бұл әдісті түсіне қойды. Тергеуші ой үстінде. Не істеу керек? Қалай сөйлескен жөн? Қатты сөйлесе – тұйықталып қала ма, әлде ашуланар ма екен? Жылы сөйлесе, мұны әлсіз біреу деуі мүмкін ғой?!. Сасқалақтауы тегін емес, іштарта сөйлегені дұрыс болар. Ойына тағы да «құсқанат жіп» түсті. Бір іске бекінді іштей. Ол бір қызметкерді жаңа базарға жіберіп, жұдырық көлемінде полипропилин жіп алдырды да, куә айтқандай бірнеше жеріне қара пламастермен белгі салып, оны бірден көзге түсетіндей етіп үстел үстіне қойды да, Айғанымды шақыртты.

Айғаным үстел үстіндегі шумақ «құс қанат» жіпті көргенде «Мыналар бәрін біледі екен» деген ойға келді, өңі құбылып, көз шарасы үлкейіп барып қалыпқа келді. Тергеуші үнсіз. Әйел қобалжи бастады. Әзиз де осы сәтті күтуде еді: «Тыңдашы қарындасым! Бұл ұялы телефонның шын иесін біреу өлтіріп кеткен, сенің Зәкір туралы толық айтпай отырғаныңды білемін. Бірақ көзің шындықты айтып тұр ғой. Ана жіпті оның үйінде көрдің ғой. Оның бұған қатысы болса, ол ашылса – сен қосақ арасында кетесің ғой... Ойлан...

«Құс қанат»

Сәлден соң Айғаным жылап жіберді: «Ағай! Менің еш кінәм жоқ. Телефонның қандай жолмен келгенін білмедім. Оны Зәкір өзімдікі деді. Маған сыйлады... Алдым. Сезімі шынайы екенін айтты. Сендім. Екеуіміз әлеуметтік желі арқылы таныстық, оның қайда тұратынын білмеймін. Әлеуметтік желі арқылы таныстық. Біздің үйдің маңына кездесуге келді. Дене бітімі мығым, спортсмен сияқты. Кездескен бойда ол мені жақсы көретінін айтып қоймады. Маған да Зәкір ұнады. Мені саябаққа серуендеп қайтуға шақырды, алайда, сол кез анам үй терезесінен мені үйге шақырды. Оның дауысы Зәкірді үркітіп жібергендей болды, ол селк ете қалып, тездете менімен қош айтысып, кетіп қалды. Одан кейін Зәкірді көрген емеспін.

Тергеуші мамандарды шақырып, Зәкір есімді адамның ауызша портретін салдырды. Сурет дайын болғанда қара шашты, қыр мұрынды, көздері қысыңқы, қалың ерінді, оң құлағы ішке жымырылған суық түсті жігіт бейнесі бұған тесіле қарағандай болды. «Құлақ жымырылуы не күрес, не бокстан болар» деп түйді іштей бұл. Бұл суретті әлеуметтік желіге таратуға тапсырма берді. Айғаным бір шумақ «құс қанат» жіпке қараған күйі кімге айтқаны белгісіз: «Оны ұстаған екенсіздер ғой», – деді. Тергеуші тіл қатпады. Әйел қозғалақтап кетті. Тамағын кеңеп: «Западта пәтерде тұрамын» деген еді, – деді. Үшінші үйде... Жіпті соның қолынан көргенмін... Қол добындай... Соны қысып жаттығамын деген...

Тергеуші жұрт «Запад» атап кеткен «Ақмешіт» және «Мерей» деп аталатын екі мөлтек аудандағы үшінші үйдің маңын бақылауға алуға тапсырма берді. Айғаным Қарағанды қаласына оншақты күнге қыдырып қайтпақ екен, бұл онысын құптады, тек белгісіз телефонды көтермеуді қатаң тапсырды.

Тапсырма

Бір апта уақыт өтті. Сараптама қорытындысы дайын болыпты. Мәйіттің жүрек тұсына пышақ кірген, бас сүйегі сынған, үстіндегі киімдері физикалық қатынас арқылы жыртылғаны көрсетілген. Бірақ, ең соңында өлім алдында инсульт алғаны көрсетілген. Тергеуші ойланып қалды. Инсульт?! Инсульті несі тағы. Әзиз телефонмен Тергеу бөлімі бастығына хабарласты.

– Алло! Саулығыңызды тілеймін, полковник мырза. Жақсыбайдың сараптама қорытындысы дайын болыпты, бір түсінбей тұрғаным өлер алдында инсульт болыпты.

– Не дейді! Инсульт. Қайдағы инсульт?! Дереу маған кел...

– Құп болады!

Тергеу бастығы Өзенов Жасұлан көпті көрген, тәжірибелі, тергеу саласында жиырма жылдан аса қызмет еткен жан еді. Сараптама қорытындысын оқи келе: « Е... е - е... Сонда марқұм Жақсыбай инсульт алған сәтте қылмыскер ақшасы мен ұялы телефонын тартып алмақшы болған, бірақ ол қасарысып жатқан сәтте басынан ұрып, болмағасын жүрегіне пышақ сұғып өлтірген болса керек. Е... адамда аяушылық қалмаған заман-ай... Капитан, бұл іс басында адам жоғалу бабымен тіркелген, одан адамды қасақана өлтіру бабына дәрежеленді, іс облыс басшылары бақылауында. Еш нәрсе назардан тыс қалмасын, қылмыскерді табуға күш салыңдар, ол жауызды ұстау керек дереу. Түсіндің бе мені...» – деп сөзін қорытты.

– Дәл солай, полковник мырза! Бар күшті саламыз.

Қылмыскердің өз ізін жасырып, қашып жүргеніне қарағанда көше бұзақысы еместігі, оның айлалы және қатыгез екені байқалады. Кабинетте Әзиз бен Болат тығырыққа тіреле ойлануда. Іздеуден әлі нәтиже жоқ. Жақсыбайдың туыстары қылмескерді табуды сұрауда. Іс облыс көлемінде шу көтерді. Қылмыскердің осы уақытқа дейін табылмай жатқаны полиция беделіне нұқсан келтіретіні анық. Осы кезде телефон соғылды. Қала сыртында тұрар таксистердің бірі екен. Өзінің есімі Болат екенін айтқан адам қарлығыңқы дауыспен такси тоқтар жерде электр бағанына жапсырылған суреттегі адамды көргенін, оны бір адреске апарғанын баяндады. Оның сол жерде күте тұруын өтінген тергеушілер асығыс көлікке отырып, қала шетіне бағыт алды. Бұлар жеткенде әлгі таксист күтіп тұр екен.

– Жігіттер, тездетіңдер, қаншама уақытым кетті, сендерге бекер хабарластым ба деп қалдым... Кешіктіңдер ғой...

– Көшедегі жол жөндеу кедергі боп... Айыпқа бұйырмаңыз. Көп уақыт алмаймыз. Бізге ол адамды қай жерден көрдіңіз, қай жерге алып бардыңыз, сол ғана керек.

– Ол адамды мен осы жерден көлігіме отырғыздым, осы қамыс арасынан шықты. Мен неге оның жолмен шықпағанына қарап күмәнданған болатынмын. Артынша спальный райондағы вулканизацияға алып бардым. Ақшамды төледі.

Әзиз бен Болат дереу көлікке отырып жұрт «Спальный район» атап кеткен, ылғи көп қабатты үйлер орналасқан, қала шуынан алыс, тыныш аймаққа келіп таксист айтқан дөңгелек үрлеу-желімдеу мекемесіне келді. Екеуін де бір ой мазалайды: «Вулканизацияда істей ме екен... Құдай- ау, қылмыскер қалада, көз алдымызда жүріп қылмыс жасап жүргені ме...»

Қақпан

Олар келген кезде аталған мекеме жабық тұр екен. Тұрғындардан сұрастыру барысында оның жабық тұрғанына біраз уақыт болғаны белгілі болды. Көп қабатты үй тұрғындарының дені жұмыста, азанда кетіп, кешке бірақ келеді. Адам жасырынуға ыңғайлы жер де, жертөлелер де көп. Осы кезде патрульдік қызметтегілер хабарласып, іздеудегі адамға түрі ұқсайтын жігіттің бір қызбен бұларға жақын тұста қыдырып жүргенін айтты. Тергеушілер тез шешім қабылдады, не болғанда да қылмыскерге сездірмей бақылап, ұстау керек. Патруль шақырса – оның жасырынып қалуы мүмкін, полиция көлігі бірден көзге түседі ғой... Оның үстіне, айсыз түн де қараңғы...

Жас тергеуші әріптесіне: «Қылмыскерді ұстап, кім екенімді көрсеткім келеді. Әке-шешем мені мақтан етсе екен деп ойлаймын», – деген арманын айтып келе жатқанда, анадайдан екі адамның сұлбасы көрінді. Екеуі қол ұстасып келеді, қаншама қараңғы болса да, үй терезелерінен түскен әлсіз жарықтардың өзі біреуінің талдырмаш, жас қыз екенін анық көрсетеді. Жігіт кекселеу. Бұлар келесі бір үйдің кіре берісі алдындағы жарық тұсында әлгілермен қатарласты. Жігіт сезімі жайлы, ұнатқаны туралы айтып келеді. Таныс сөздер сияқты. Әзиз бен Болат оларға тақай келіп, үңіле қарағанда жігіттің Зәкір екенін таныды.

Ол сезіктенді, қызды тастай сала қаша жөнелді. Әзиз оның алдын орай жүгірсе, Болат тура соңынан қуды. Тергеушілердің «Тоқта! Полициядан-быз!» дегеніне мойын да бұрар емес. Осы кезде оны қуып жеткен Болат желке тұстан соққы жасады. Зәкір жерге құлады, қыз шыңғырып жіберді. Болат Зәкірдің қолын артына қайырмақ болып жатқан кезде, ол қалтасынан пышағын алып, Болаттың бүйіріне сұғып-сұғып алған болатын. Осы сәтте Әзиз де жетті. Мұның барлығының қас пен көздің арасында болғаны сондай, былайғы жұрт не болғанын түсінбей де қалды. Әзиз қылмыскерді тұтқындады. Бірақ, көңілі алаң, Болаттың пышақ жарақаты қандай екен деп уайым шегуде. Дабыл қаға жедел жәрдем оны алып бара жатқанда құлағында «Қылмыскерді ұстап, кім екенімді көрсеткім келеді. Әке-шешем мені мақтан етсе екен деп ойлаймын», – деген Болаттың үні тұр еді.

Тұзақ

Бір апта бойғы тергеуде Зәкір тек Болатқа пышақ сұққанын ғана мойындаумен болды. «Қорқып кеттім. Бандиттер екен деп ойладым. Не істегенімді өзім де білмей қалдым. Менікі қорғаныс қой. Тым жақсы қызбен қыдырып жүргенінде біреу бетіне үңіле қарап, «Тоқта!» десе, қорқып кетесің ғой. Кім болса да сөйтеді» – дегеннен басқа ештеңе айтқан жоқ. Көңілге медеті – Болаттың сауығып келе жатқаны. Бүгін Әзиз өткенде Айғанымға қолданған әдісті байқап көрмек болды.

Зәкірді кабинетке кіргізген кезде оның өңінде масаттану басым болса, сәлден соң, оның көзі үстел шетіндегі шумақталған «құс қанат» жіпке түсті. Қылмыскердің еңсесі түсіп кетті. Әзиз оны байқамаған болып, қағаз жазу үстінде. Он минут өте Зәкір сыр бере бастады.

– Әй, жігіт! Сұрағың болмаса, мені қайтар. Мен шындықты айттым. Уақытымның есептеулі екенін білесің ғой. Асып кетсе – өзіңе қиын ғой.

Әзиздің санасында «Мынау біраз нәрседен хабары бар кәнігі қылмыскер ғой» – деген ой атойлай жөнелді. Тағы да қулыққа басты. Телефонды алып, кезекшімен сөйлесті. Оның жауабына үлгіртпей, тездете өзі сөйлеуде:

– Дұрыс... «Құс қанат» жіптегі отпечатка нақтыланды ма, екі адамның саусақ ізі бар ма екен. Дұрыс. Енді салыстырулар жасаймыз. Западтағы үшінші үйді қарадыңдар ма?

Осы кезде ыңырсығандай бір дыбыс шықты. Зәкір тісін қышырлатты.

– Сволыштар... Праваларың жоқ... Ордер қайда, санкция қайда... Неге менсіз тінтесіңдер. Сотқа берем...

Әзиз қылмыскерді тұзаққа түсіргенін сезді. Әуелі Айғанымның үнтаспаға жазылған сөзін тыңдатып, сонан соң дүкен сатушыларын, жанармай құю бекеті операторының сөздерін тыңдатты. Жақсыбайдың әйелінің зарлы дауысынан кейін Зәкірдің басы салбырап кетті. Келесі күні бүкіл айғақтар, куәлар сөзі жазылған хаттамалармен таныстырған Әзиз Зәкірдің Алматы облысынан келгенін, мұнда пәтерде тұрып, оны-мұны жұмыс істеп күн көретінін анықтап үлгерген болатын.

– Ал, азамат! Қылмысқа қалай барғаныңызды, Жақсыбайды қалай өлтіргеніңізді айта беріңіз? Одан кейінгі ісіңіз белгілі ғой...

– Жоқ. Мен оны өлтірген жоқпын...

– Оған сұғылған пышақ та, тергеушіге сұғылған пышақ та – бір пышақ боп шықты. Міне, сараптама қорытындысы.

Онымен танысып шықты, бірақ ашылар емес. Әзиз енді басқа қырдан келуді ұйғарды. Ондағы тірегі: Бұл мұнда неғып жүр. Алматыдан қашып жүрген болуы керек. Ол жақта да қылмыс жасаған болар...

– Айтпасаңыз – өзіңіз білесіз. Одан сізге жеңілдік жоқ. Алматыдан запросыма жауап келгенде сөйлесемін сізбен. Сосын «құс қанат» жіпті ұмытпаңыз...

Міне, сол сәт... Зәкір қинала ыңырсыды. – «Әй бала! Жаз! Бірін қалдырмай жаз. Әйтпесе, айнып қалуым мүмкін».

Ол барлығын айтты. Жақсыбаймен бұрын бір жерде жалданып жұмыс істеген екен. Ол сыра алып, ішкелі тұрғанда бұл кезіге кетеді ғой. Бұл басы ауырып тұрғанын, ақшасы жоқ екенін айтады, ол айлық алып келе жатқанын айтады. Міне, арам ой осы тұста туған еді. Зәкір оны бұрын бір рет көрген, адам таппас қамыс арасына апарады...

Үйді тексеру Зәкірдің бұдан да басқа біраз қылмысы барын көрсетті. Екі сақшының жетектеуімен пәтеріне барған Зәкір төсек үстінде жатқан шумақталған «құс қанат» жіпті көрді де, басын ұстап отыра қалды. Тағы да бір жиіркенішті, тағыға тән ырыл естілді. Бірақ, ол кезде қылмыскер сол жіп арқылы өзі қолын байлап, зорлаған әйелге қатысты, ғашықтығын айтып алдап, бір қыздың үйін тонаған қылмыстары ашыларын білмеген еді. Оның бар ойы Алматы облысындағы қылмыстары ашылмай тұрып, мұндағы қылмыстарымен сотталып кету болатын. Бірақ, жаратушым, сол шумақталған үзік жіпті әділдіктің салтанат құруына кілт еткен еді.

Бекмухамбет ӘБДРАСУЛЛАЕВ
Қызылорда қаласы,
Тасбөгет кенті

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5596 дана
Апталық таралым 11 192 дана

Тапсырыс №125 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31